**Экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны ұсыну қағидаларын, әсер етуге экологиялық рұқсат бланкілерінің нысанын және оларды толтыру тәртібін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 9 тамыздағы № 319 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 10 тамызда № 23928 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы Экология кодексінің 106-бабының 7-тармағына, 112-бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны ұсыну қағидаларын, әсер етуге экологиялық рұқсат бланкілерінің нысанын және оларды толтыру тәртібі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Кейбір бұйрықтардың күші осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*

*Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а.* *А. Примкулов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің м.а.
2021 жылғы 9 тамыздағы
№ 319 бұйрыққа
1-қосымша

**Экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны, сондай-ақ әсер етуге арналған экологиялық рұқсат бланкілерінің нысандарын және оларды толтыру тәртібін ұсыну қағидалары**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 14.09.2023 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны, сондай-ақ әсер етуге арналған экологиялық рұқсат бланкілерінің нысандарын және оларды толтыру тәртібін ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 106-бабының 7-тармағына, 112-бабының 2-тармағына (бұдан әрі – Кодекс), "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес әзірленді және экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны беру тәртібін айқындайды, сондай-ақ әсер етуге арналған экологиялық рұқсат бланкілерінің нысанына және оларды толтыру тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен анықтамалар:

1) әсер етуге арналған экологиялық рұқсат – II санаттағы объектілер және I санаттағы объектілер үшін экологиялық рұқсат;

2) ең үздік қолжетімді техникалар (ЕҮҚТ) – қызмет түрлері мен оларды жүзеге асыру әдістерінің неғұрлым тиімді және үздік даму сатысы, бұл олардың қоршаған ортаға жағымсыз антропогендік әсер етуді болғызбауға немесе, егер бұл іс жүзінде жүзеге асырылмаса, барынша азайтуға бағытталған технологиялық нормативтер мен өзге де экологиялық шарттарды белгілеуге негіз болу үшін практикалық жарамдылығын куәландырады;

3) жол берілетін төгінді нормативі – экологиялық рұқсатта белгіленетін және ластағыш заттың мөлшері (массасы) не сарқынды сулардағы ластағыш заттар қоспасы ретінде айқындалатын, уақыт бірлігіне ағызуға жол берілетін (рұқсат етілген) ең жоғары экологиялық норматив;

4) жол берілетін физикалық әсер ету нормативі – жылудың, шудың, дірілдің, иондаушы сәулеленудің, электромагниттік өрістердің кернеулігінің және табиғи ортаның компоненттеріне өзге де физикалық әсер етудің жол берілетін деңгейлері түрінде әрбір көз үшін белгіленетін, мұндай көзден болатын теріс физикалық әсер барлық көздермен жиынтықта табиғи ортаға физикалық әсер етудің белгіленген жол берілетін шекті деңгейлерінен асып кетуге әкеп соқпайтын экологиялық норматив;

5) кешенді экологиялық рұқсат – ең үздік қолжетімді техникаларды қолдана отырып , қоршаған ортаның ластануын кешенді түрде болғызбауды қамтамасыз етуге, қоршаған ортаға жағымсыз антропогендік әсерді барынша азайтуға және бақылауға бағытталған құжат;

6) қалдықтардың жинақталу лимиті – I және II санаттағы объектілердің құрамына кіретін әрбір нақты орын үшін тиісті жинақтау орнында жинауға рұқсат етілген қалдықтардың түрлері бойынша шекті саны (массасы);

7) қалдықтарды көму лимиті – қалдықтардың I және II санаттағы объектілердің құрамына кіретін полигонда көмуге рұқсат етілген түрлері бойынша олардың шекті мөлшері (массасы);

8) қозғалатын аумақ – өзінің шегінде қоршаған орта мен халық белгіленіп отырған қызметтің елеулі әсер етуіне ұшырайтын аумақ;

9) қоршаған ортаға әсер ету туралы декларация – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы "Хабарлама нысандары және Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау, сондай-ақ хабарламаларды қабылдайтын мемлекеттік органдарды айқындау қағидаларын бекіту туралы" № 4 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10194 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша қызмет алушымен ресімделген қызметтің басталғаны туралы хабардар ететін құжат;

10) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары – эмиссиялардың белгіленген нормативтерінің, қалдықтардың жинақталуы мен оларды көму лимиттерінің, күкіртті ашық түрде күкірт карталарында орналастыру лимиттерінің ( көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде ) сақталуын қамтамасыз етуге қажетті, қоршаған ортаға теріс әсер етуді төмендетуге бағытталған іс-шаралар тізбесін қамтитын әсер етуге арналған экологиялық рұқсатқа қосымша;

11) қоршаған ортаның ластануы – атмосфералық ауада, жер үсті және жер асты суларында, топырақта немесе жер бетінде ластағыш заттардың, жылудың, шудың, дірілдің, электромагнит өрістерінің, радиацияның мемлекет белгілеген қоршаған орта сапасының экологиялық нормативтерінен асатын мөлшерде (концентрацияларда, деңгейлерде) болуы;ластаушы заттардың шығарындылары-шығарындылар көздерінен атмосфералық ауаға ластаушы заттардың түсуі;

12) ластағыш заттар – қоршаған ортаға түскен кезде өздерінің сапалық немесе сандық сипаттамаларына орай табиғи ортаның табиғи тепе-теңдігін бұзатын, табиғи орта құрамдастарының сапасын нашарлататын, экологиялық залал не адамның өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келтіруге қабілетті қатты, сұйық, газ тәрізді немесе бу тәрізді күйдегі кез келген заттар;

13) ластаушы заттардың ағызылуы – сарқынды сулардағы ластаушы заттардың жер үсті және жер асты су объектілеріне, жер қойнауына немесе жер бетіне түсуі;

14) ластаушы заттардың шығарындылары-шығарындылар көздерінен атмосфералық ауаға ластаушы заттардың түсуі;

15) маркерлік ластағыш заттар – өндірістің немесе технологиялық процестің нақты түрінің эмиссиялары үшін неғұрлым маңызды ластағыш заттар, олар осындай өндіріске

немесе технологиялық процеске тән ластағыш заттар тобынан таңдап алынады және олардың көмегімен топқа кіретін барлық ластағыш зат эмиссиясының мәнін бағалауға болады;

16) мүдделі мемлекеттік органдар – объектіні іске асыру кезінде өздерінің функциялары қозғалған мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар;

17) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы – қоршаған ортаға эмиссиялар деңгейінің, зиянды өндірістік факторлардың өлшемдері және (немесе) есеп-қисаптары, сондай-ақ табиғи, энергетикалық және өзге де ресурстарды тұтынудың іс жүзіндегі көлемі негізінде өндірістік процестің тиімділігін экологиялық бағалауды қамтамасыз ету бойынша I немесе II санаттағы объектілер үшін экологиялық рұқсатқа қосымша;

18) рұқсат етілетін шығарындылар нормативі – экологиялық рұқсатта белгіленетін және ластағыш заттың не ластағыш заттар қоспасының атмосфералық ауаға шығару үшін рұқсат етілетін (рұқсат етілген) ең жоғары массасы ретінде айқындалатын экологиялық норматив;

19) сарқынды суларды шығару – сарқынды суларды жер үсті және жер асты су объектілеріне, жер қойнауына немесе жер бетіне ағызу құрылғысы мен орны;

20) технологиялық нормативтер – кешенді экологиялық рұқсатта:

уақыт бірлігіне немесе өндірілетін өнімнің (тауардың), орындалатын жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бірлігіне есептелетін электр және (немесе) жылу энергиясының, өзге ресурстардың тұтынылу мөлшері түрінде белгіленетін экологиялық нормативтер;

эмиссиялар көлемінің бірлігіндегі маркерлік ластағыш заттардың шекті саны ( массасы);

21) экологиялық рұқсат – жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қоршаған ортаға теріс әсерді жүзеге асыру құқығын куәландыратын және қызметті жүзеге асырудың экологиялық шарттарын айқындайтын құжат;

22) экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасы – технологиялық нормативтерге, эмиссиялар нормативтеріне қол жеткізуге бағытталған I санаттағы объектіні реконструкциялау, қайта жарақтандыру, жаңғырту жөніндегі жоспарланатын іс-шаралар кестесін көздейтін кешенді экологиялық рұқсатқа қосымша;

23) экологиялық шарттар – Қазақстан Республикасының экология заңнамасында белгіленген, осындай қызметке қолданылатын экологиялық талаптардың, сондай-ақ қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытындыларда қамтылған тұжырымдардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында I және II санаттағы объектілерді салуға және пайдалануға қойылатын жеке-дара талаптар;

24) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

25) "цифрлық үкіметтің" веб-порталындағы пайдаланушының кабинеті (бұдан әрі – жеке кабинет) – "цифрлық үкіметтің" веб-порталының жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдармен электрондық нысанда қызметтер көрсету мәселелері, көрсетілген тұлғалардың өтініштерін қарайтын субъектілерге қатысты мәселелер, сондай-ақ дербес деректерді пайдалану мәселелері бойынша ресми ақпараттық өзара іс-қимылына арналған құрамдасы;

26) эмиссиялар – антропогендік объектілерден босатылатын ластаушы заттардың атмосфералық ауаға, суға, жерге немесе оның астына түсуі;

27) эмиссиялар нормативтері – экологиялық рұқсатта белгіленетін эмиссиялардың шекті сандық және сапалық көрсеткіштерінің жиынтығы;

28) I және II санаттағы объект – Кодекске 2-қосымшаның 1-бөлімінде (I санаттағы объектілер үшін) немесе 2-бөлімінде (II санаттағы объектілер үшін) көрсетілген қызметтің бір немесе бірнеше түрі шегінде жүзеге асырылатын стационарлық технологиялық объект (кәсіпорын, өндіріс), сондай-ақ объект орналастырылатын өнеркәсіптік алаң шегінде жүзеге асырылатын және эмиссиялардың көлеміне, санына және (немесе) қарқындылығына және осындай объектінің қоршаған ортаға теріс әсерінің өзге де нысандарына елеулі әсер ететін онымен технологиялық тікелей байланысты кез келген өзге де қызмет түрлері;

29) III санаттағы объект – Кодекске 2-қосымшаның 3-бөлімінде көрсетілген қызмет түрлері шегінде жүзеге асырылатын құрылыс объектісі (ғимарат, құрылысжай немесе олардың кешені) немесе алаң.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 30.03.2026 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Экологиялық рұқсаттар беру тәртібі

### 1-параграф. Кешенді экологиялық рұқсат беру тәртібі

3. "Кешенді экологиялық рұқсатты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті және оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. "Кешенді экологиялық рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкіметтің" веб – порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш (бұдан әрі – өтініш) беру арқылы жүгінеді.

"Кешенді экологиялық рұқсат беру" мемлекеттік қызметті көрсету үшін мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе 1) осы Қағидалардың 2-қосымшасында көрсетілген.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізімі қызметті алушы жүгінген кезде Тізімнің 8 тармағында анықталған.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 30.03.2026 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі өтінішті қоса берілген құжаттармен бірге ол келіп түскен күні порталда тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жібереді.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарын, экологиялық рұқсаттарын көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде олардың толықтығын тексереді. Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттар ұсынылған жағдайда, осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында қараудан бас тарту жіберіледі.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 30.03.2026 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Кодекстің 115-бабының 2-тармағына сәйкес, көрсетілетін қызметті беруші кешенді экологиялық рұқсат (бұдан әрі – КЭР) алуға арналған өтініш тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны толық және жиынтықты болуы тұрғысынан тексереді. Өтініш көрсетілген мерзім ішінде қарауға қабылданады не құжаттар топтамасы және (немесе) мәліметтер толық ұсынылмаған жағдайда мұндай өтініштің қайтарылу себептері көрсетіле отырып, қабылданбайды.

Кешенді экологиялық рұқсат алуға арналған өтініште барлық талап етілетін мәліметтер мен қоса берілетін құжаттар болған кезде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 88-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес I санаттағы объектілерді салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жобалау құжаттамасына мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізеді және осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде қарауға қабылданған өтінішті оған қоса берілетін құжаттармен бірге өзінің құрылымдық бөлімшелеріне, сондай-ақ кешенді экологиялық рұқсатқа енгізілуге жататын міндетті экологиялық шарттарға қатысты өз құзыреттері шеңберінде ескертулері мен ұсыныстарын алу үшін мынадай мүдделі мемлекеттік органдарға:

1) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға;

2) объект жататын тиісті салада реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органға;

3) құзыретіне объектіні салу мен пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қажетті рұқсаттарды беру кіретін өзге де уәкілетті мемлекеттік органдарға;

4) аумағында объект орналасқан немесе орналасатын астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органына жібереді.

Егер объект астананың, екі немесе одан да көп облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтары шегінде орналасқан немесе орналасатын болса, қоса берілген құжаттары бар өтініш әрбір тиісті жергілікті атқарушы органға жіберілуге жатады;

5) егер мұндай қызметке рұқсат беру туралы шешімдер қабылдау бойынша трансшекаралық рәсімдер жүргізу қажеттігі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделсе немесе қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытындыда белгіленсе, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жәрдемімен – объектіні салу және (немесе) пайдалану қоршаған ортасының жай-күйіне елеулі қолайсыз әсер ететін мемлекетке жібереді.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.07.2026 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелері және өзге де мүдделі мемлекеттік органдар өз құзыреттері шеңберінде ( атмосфералық ауаны, су ресурстарын қорғау, қалдықтарды басқару, шу деңгейін және физикалық әсерді бақылау) КЭР алуға арналған өтінішті қарайды және өздерінің құзыреттері шеңберінде КЭР-ге енгізілуге жататын қажетті экологиялық жағдайларға қатысты осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті алған күннен бастап жиырма бес жұмыс күні ішінде сараптамалық қорытындылар береді.

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезеңінде КЭР беруге өтінішке және ( немесе) оған қоса берілетін құжаттарға ескертулер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші өтініш қарауға қабылданғаннан кейін осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде қызметті алушыға ескертулер жібереді.

Мемлекеттік экологиялық сараптама кодекстің 87-бабы 1-тармағы 9) тармақшасының екінші бөлігіне сәйкес экологиялық рұқсаттар беру рәсімі шеңберінде жүргізіледі және мемлекеттік экологиялық сараптаманың жеке қорытындысы берілмейді.

8. Қызметті алушы жіберілген ескертулерді ескертулер жіберілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жояды. Ескертулер көрсетілген мерзімде жойылмаған жағдайда қызметті алушыға осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша кешенді экологиялық рұқсат беруден дәлелді бас тарту беріледі.

9. Қызметті алушы барлық ескертулерді жойғаннан кейін көрсетілетін қызметті беруші алынған ескертпелер мен ұсыныстарды, сондай-ақ қызметті алушының ұстанымын ескере отырып, ішкі және (немесе) сыртқы сарапшыларды тарта отырып, КЭР жобасын дайындайды және мұндай жобаны қызметті алушыға жібереді. Қызметті алушы бес жұмыс күні ішінде КЭР ұсынған жоба бойынша өз ұстанымын ұсынады.

10. Объект жататын тиісті салада реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган және аумағында объект орналасқан немесе орналасатын астананың, облыстың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органы КЭР үшін ұсынылған экологиялық жағдайларға және өтініш пен оның қосымшаларының бөліктеріне қатысты өз қорытындылары мен ескертулерін ұсынады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.07.2026 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган осы Қағидалардың 7-тармағында айқындалған мерзім өткеннен кейін алған мүдделі мемлекеттік органдардың қорытындылары қызметті алушыға жіберілуге және өтініш бойынша шешім қабылдау кезінде есепке алынуға жатпайды.

12. КЭР-ді алуға арналған өтінішті қарау кезінде көрсетілетін қызметті беруші Кодекстің 93-бабына сәйкес сыртқы сарапшыларды тарта отырып, алынған ескертулерді және мүдделі мемлекеттік органдардың қорытындыларын, сондай-ақ қызметті алушының ұсыныстарын ескереді және осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Кодекстің 112-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес кешенді экологиялық рұқсат беру туралы шешім қабылдау себептерінің негіздемесін жасайды.

13. Көрсетілетін қызметті беруші Кодекстің 115-бабы 6-тармағының бесінші бөлігіне сәйкес қызметті алушының жауабын немесе келіспеушіліктерді қарау нәтижелерін алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде КЭР беру немесе оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

14. КЭР жобасына енгізілген шарттар бойынша туындайтын келіспеушіліктерді Кодекстің 94-бабында көзделген тәртіппен сараптамалық комиссия шешіледі.

15. Кодекстің 117-бабына сәйкес кешенді экологиялық рұқсат беруден бас тартылған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды жібереді.

16. Көрсетілетін қызметті беруші КЭР-ді беру туралы шешім қабылдағаннан кейін осы Қағидалардың 13-тармағында көзделген мерзім ішінде осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қызметті алушыға беру үшін КЭР-ді ресімдейді.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында сақталады.

17. Кешенді экологиялық рұқсатты қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес нысанда Тізбе 1-дің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса отырып, КЭР-ді қайта ресімдеуге өтініш береді.

18. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі порталда өтінішті қоса берілген құжаттармен бірге келіп түскен күні КЭР қайта ресімдеуге өтнішті тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), экологиялық рұқсаттар туралы мәліметтерді КЭР беру жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 30.03.2026 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. КЭР беру жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Кодекстің 118-бабының талаптарына сәйкестігін қарайды.

Тізбе 1-дің 8-тармағында көрсетілген тиісті құжат ұсынылмаған немесе қолданылу мерзімі өткен құжат ұсынылған жағдайда, бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында қараудан бас тарту жіберіледі.

Кодекстің 118-бабының талаптарына сәйкес келетін құжаттар ұсынылған жағдайда, КЭР беру жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін КЭР-ді қайта ресімдейді.

20. Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында сақталады.

21. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 30.03.2026 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Кодекстің 118-бабының 1-тармағына сәйкес КЭР мынадай жағдайларда ішінара немесе толық қайта қаралуға жатады:

1) оператордың Кодекстің 65-бабы 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларына сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізуді талап ететін, көзделіп отырған немесе жүзеге асырылатын қызметке елеулі өзгерістер енгізуі;

2) оларға қатысты осындай кешенді экологиялық рұқсат берілген объект сәйкес келмейтін талаптарды белгілейтін, оларды қолданудың тиісті салалары бойынша ең үздік қолжетімді техникалар бойынша жаңа анықтамалықты қабылдауға байланысты ең үздік қолжетімді техникалар бойынша жаңа қорытындыны бекіту;

3) экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасына өзгерістер енгізу.

23. КЭР-ді қайта қарау кезінде қызметті алушы портал арқылы осы Қағидалардың 1 -қосымшасына сәйкес нысан бойынша КЭР-ді қайта қарауға )еді.

24. Оператор осы Қағидалардың 22-тармағында көзделген жағдайларда КЭР-ді қайта қарауға өтінішті:

1) оператор жүзеге асыратын қызметке елеулі өзгерістерді іске асыруды бастайтын болжамды күнге дейін алты ай бұрын;

2) осы Қағидалардың 22-тармағының 2) тармақшасына сәйкес оларды қолданудың тиісті салалары бойынша ең үздік қолжетімді техникалар бойынша жаңа қорытынды бекітілген күннен бастап үш ай ішінде кешіктірмей береді.

25. Оператор белгіленіп отырған немесе жүзеге асырылатын, қоршаған ортаға әсер етуге бағалау жүргізуді талап ететін қызметке елеулі өзгерістер енгізгу кезінде, қондырғы операторы қоршаған ортаға оң немесе теріс әсер туғызатын объектідегі өзгерістерді жоспарлау кезінде болжанған өзгерістерді олардың Кодекстің 118-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкестігі тұрғысынан бағалайды. Осыған байланысты, өзгеріс сипатын Кодекстің 65-бабының 2-тармағында көзделген өлшемшарттар бойынша бағалап, жоспарланған өзгерістердің қоршаған ортаға оң немесе теріс әсерін туғызатын КЭР экологиялық жағдайларына әсер ету тұрғысынан белгіленіп отырған қызметтің әсеріне тиісті бағалау немесе скрининг жүргізу қажет.

26. Ұсынылып отырған өзгерістер қоршаған ортаға теріс әсер ете отырып, КЭР-дің экологиялық шарттарына әсер еткен жағдайда, оператор осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша КЭР-ді қайта қарауға өтініш қалыптастырады.

27. КЭР-ге қосымшаларға енгізілетін өзгерістер экологиялық жағдайларға ықтимал әсер етуге қатысты бағалауға жатады.

28. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган КЭР шарттарын сақтауға әсер етпейтін жоспарланған өзгерістердің сипаттамасын алған жағдайда, ол алынған ақпаратты бес жұмыс күні ішінде бағалайды.

Алынған мәліметтер жеткілікті болып және КЭР шарттары өзгертілмесе, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган Кодекстің 118-бабының 5-тармағына сәйкес КЭР-ді қайта рәсімдейді.

Объектіде жоспарланған өзгеріс КЭР шарттарын қайта қарауды талап еткен жағдайда, операторға жауаппен бірге КЭР-ді қайта қарауға қызметті алуға сұрау салу жіберіледі.

29. Қондырғы операторы КЭР-да айқындалған шарттармен ЕҮҚТ бойынша жаңа қорытындыда белгіленген өзгерістерді бағалайды және қайта қарау немесе жаңа кешенді экологиялық рұқсат алу қажеттілігін айқындайды.

30. Қолданыстағы КЭР-дің эмиссиялар нормативтері мен технологиялық нормативтері оларды қолданудың тиісті салалары бойынша ең үздік қолжетімді техникалар бойынша жаңа қорытындыда белгіленген ЕҮҚТ қолданумен байланысты технологиялық көрсеткіштерге сәйкес келмеген жағдайда, қондырғы операторы КЭР-ді қайта қарауға өтініш дайындайды.

31. Объект операторы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жоспарланатын іс-шаралар кестесінің бөлігінде, егер бұл эмиссиялар нормативтеріне, технологиялық нормативтерге қол жеткізудің белгіленген мерзімдеріне әсер етпесе, Кодекстің 119-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда қоршаған ортаға теріс әсерді кезең-кезеңімен төмендету көрсеткіштеріне қол жеткізу мерзімдеріне КЭР-ді қайта қарауға туралы өтініш береді.

32. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 92-бабына ( бұдан әрі – ӘРПК) сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану үшін шағым көрсетілетін қызметті алушыға әкімшілік актіні қабылдағаны немесе әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны туралы белгілі болған күннен бастап 3 (үш) айдан кешіктірілмей:

шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға);

осы Қағидалардың 3-қосымшасының 7-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшылығының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

мемлекеттік қызметті тікелей көрсетілетін қызметті беруші тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда лауазымды тұлға шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

ӘРПК 91-бабының 4-тармағына сәйкес шағым келіп түскен жағдайда көрсетілетін қызметті алушының шағымын көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға ол келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді. Көрсетілетін қызметті беруші қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Шағымды қарайтын органның шағымды қарау мерзімі шағым түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды.

Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы ӘРПК 100-бабының 6-тармағына сәйкес шағымды қарайтын органға немесе сотқа жүгінеді.

33. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органы осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актіні бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге, "цифрлық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс орталығына енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жолдайды.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 30.03.2026 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-параграф. I санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсатты беру тәртібі**

34. "I санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты беру" мемлекеттік қызметі Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитеті мен оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы).

35. "I санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкіметтің" веб – порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал ) осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш (бұдан әрі – өтініш) беру арқылы жүгінеді.

"I санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсат беру" мемлекеттік қызметті көрсету үшін мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе 2) осы Қағидалардың 8-қосымшасында көрсетілген.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізімі қызметті алушы жүгінген кезде Тізбе 2-нің 8 тармағында анықталған.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 30.03.2026 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі өтінішті қоса берілген құжаттармен бірге ол келіп түскен күні порталда тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жібереді.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдарымен және эмиссиялар нормативтерімен бірге көзделіп отырған қызмет жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптаманың рұқсаттары, қорытындылары туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде олардың толықтығын тексереді. Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттар ұсынылған жағдайда, қабылдамаудың себептерін дәлелді негіздей отырып, көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында қараудан бас тарту жіберіледі.

Ескерту. 36-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 30.03.2026 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Барлық талап етілетін мәліметтер мен қоса берілетін құжаттар объектілері үшін әсер етуге рұқсат алуға өтініште болған кезде көрсетілетін қызметті беруші I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру бойынша Кодекстің 88-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес объектілерді салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жобалау құжаттамасына, сондайақ қалдықтарды басқару және эмиссиялар нормативтері жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізеді.

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезеңінде I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беруге өтінішке және (немесе) оған қоса берілетін құжаттарға ескертулер болған кезде, көрсетілетін қызметті беруші I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру бойынша қызметті алушыға өтінішті қарауға қабылдаған күннен бастап жиырма бес жұмыс күні ішінде ескертулер жібереді.

Қызметті алушы жіберілген ескертулерді ескертулер жіберілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жояды.

Мемлекеттік экологиялық сараптама Кодекстің 87-бабы 9) тармақшасының екінші бөлігіне сәйкес экологиялық рұқсаттар беру рәсімі шеңберінде жүргізіледі және мемлекеттік экологиялық сараптаманың жеке қорытындысы берілмейді.

38. I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат алуға өтінішті қарау мерзімдері мен ұзақтығы өтініш тіркелген күннен бастап 45 (қырық бес) жұмыс күнінен аспайды.

39. I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат алуға өтінішті қарау нәтижесі осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру немесе осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

40. Ескертулер осы Қағидалардың 36-тармағында айқындалған мерзімдерде жойылмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды жібереді.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында сақталады.

41. I санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсатты қайта ресімдеу I санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсат берілген объект операторының атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген, қайта құрылған немесе оператор ауысқан жағдайларда жүзеге асырылады.

I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсатты қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті алушылар портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге Тізбе 2-нің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса берумен осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша I санаттағы әсер етуге экологиялық рұқсатты қайта ресімдеуге өтініш береді.

42. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі өтінішті қоса берілген құжаттармен бірге ол келіп түскен күні порталда тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жібереді.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдарымен және эмиссиялар нормативтерімен бірге көзделіп отырған қызмет жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптаманың рұқсаттары, қорытындылары туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Ескерту. 42-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 30.03.2026 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Кодекстің 108-бабының талаптарына сәйкестігін қарайды.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

44. Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында сақталады.

45. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 30.03.2026 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Берілген І санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсаттың көшірмесі экологиялық рұқсаттар беруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың интернет-ресурсында орналастырылады.

47. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 92-бабына ( бұдан әрі – ӘРПК) көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану үшін шағым көрсетілетін қызметті алушыға әкімшілік актіні қабылдағаны немесе әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны туралы белгілі болған күннен бастап 3 (үш) айдан кешіктірілмей:

шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға);

осы Қағидалардың 8-қосымшасының 7-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшылығының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

мемлекеттік қызметті тікелей көрсетілетін қызметті беруші тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда лауазымды тұлға шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

ӘРПК 91-бабының 4-тармағына сәйкес шағым келіп түскен жағдайда көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға ол келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді. Көрсетілетін қызметті беруші қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Шағымды қарайтын органның шағымды қарау мерзімі шағым түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды.

Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы ӘРПК 100-бабының 6-тармағына сәйкес шағымды қарайтын органға немесе сотқа жүгінеді.

48. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органы осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актіні бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге, "цифрлық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс орталығына енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жолдайды.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 30.03.2026 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**3-параграф. ІІ санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсатты беру тәртібі**

49. "ІІ санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсатты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

"ІІ санаттағы объектілер үшін әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкіметтің" веб – порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал

) осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш (бұдан әрі – өтініш) беру арқылы жүгінеді.

"II санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсат беру" мемлекеттік қызметті көрсету үшін мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе 3) осы Қағидалардың 11-қосымшасында көрсетілген.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі қызметті алушы жүгінген кезде Тізбе 3-тің 8 тармағында анықталған.

Ескерту. 49-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 30.03.2026 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.07.2026 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

50. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі өтінішті қоса берілген құжаттармен бірге ол келіп түскен күні порталда тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жібереді.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, экологиялық рұқсаттары туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде олардың толықтығын тексереді. Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттар ұсынылған жағдайда, қабылдамаудың себептерін дәлелді негіздей отырып, осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында қараудан бас тарту жіберіледі.

Ескерту. 50-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 30.03.2026 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Барлық талап етілетін мәліметтер мен қоса берілетін құжаттар объектілері үшін әсер етуге рұқсат алуға өтініште болған кезде көрсетілетін қызметті беруші II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру бойынша Кодекстің 88-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес объектілерді салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жобалау құжаттамасына мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізеді.

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезеңінде II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беруге өтінішке және (немесе) оған қоса берілетін құжаттарға ескертулер болған кезде, көрсетілетін қызметті беруші қызметті алушыға өтінішті қарауға қабылдаған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде ескертулер жібереді.

Қызметті алушы жіберілген ескертулерді ескертулер жіберілген күннен бастап бес күні ішінде жояды.

Мемлекеттік экологиялық сараптама кодекстің 87-бабы 9) тармақшасының екінші бөлігіне сәйкес экологиялық рұқсаттар беру рәсімі шеңберінде жүргізіледі және мемлекеттік экологиялық сараптаманың жеке қорытындысы берілмейді.

52. II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат алуға өтінішті қарау мерзімдері мен ұзақтығы өтініш тіркелген күннен бастап отыз (отыз) жұмыс күнінен аспайды.

53. II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат алуға өтінішті қарау нәтижесі осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру немесе осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

54. Ескертулер осы Қағидалардың 49-тармағында айқындалған мерзімдерде жойылмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды жібереді.

55. Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру бойынша көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында сақталады.

56. II санат объектілері үшін әсер етуге экологиялық рұқсатты қайта ресімдеу II санат объектілері үшін әсер етуге экологиялық рұқсат берілген объектінің атауы өзгерген, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген, оператор қайта ұйымдастырылған немесе ауысқан жағдайларда жүзеге асырылады.

II санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсатты қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті алушылар портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге 3-Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша II санаттағы әсер етуге экологиялық рұқсатты қайта ресімдеуге өтініш береді.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 25.04.2025 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі порталда қоса берілген құжаттармен бірге өтінішті түскен күні тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жібереді.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, рұқсаттар, мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындылары туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті берушінің II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру жөніндегі

орындаушысы "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Ескерту. 57-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 30.03.2026 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Кодекстің 108-бабының талаптарына сәйкестігін қарайды.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет Тізбе 3-іне сәйкес беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

59. Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында сақталады.

60. Көрсетілетін қызметті беруші деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне Заңның 5-бабы 2-тармағы 11) тармақшасына сәйкес белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 30.03.2026 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. II санаттағы объектілер үшін берілген әсер етуге экологиялық рұқсаттың көшірмесі экологиялық рұқсаттар беруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың интернет-ресурсында орналастырылады.

62. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 92-бабына ( бұдан әрі – ӘРПК) көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану үшін шағым көрсетілетін қызметті алушыға әкімшілік актіні қабылдағаны немесе әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны туралы белгілі болған күннен бастап 3 (үш) айдан кешіктірілмей:

шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға);

осы Қағидалардың 11-қосымшасының 7-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшылығының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

мемлекеттік қызметті тікелей көрсетілетін қызметті беруші тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда лауазымды тұлға шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

ӘРПК 91-бабының 4-тармағына сәйкес шағым келіп түскен жағдайда көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға ол келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді. Көрсетілетін қызметті беруші қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Шағымды қарайтын органның шағымды қарау мерзімі шағым түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды.

Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы ӘРПК 100-бабының 6-тармағына сәйкес шағымды қарайтын органға немесе сотқа жүгінеді.

63. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органы осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актіні бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге, "цифрлық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс орталығына енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жолдайды.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 30.03.2026 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**4-параграф. Қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны ұсыну тәртібі**

64. Қоршаған ортаға әсер ету туралы Декларация (бұдан әрі – Декларация) тиісті жергілікті атқарушы органға жазбаша немесе электрондық түрде "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес хабарламалар нысандарына және мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларына, сондай-ақ рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті

орган бекіткен хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы сәйкес беріледі.

65. Кодекстің 110-бабының 4-тармағына сәйкес Декларация:

1) белгіленіп отырған қызмет басталар алдында;

2) қызметті жүзеге асыру басталғаннан кейін – негізгі өндірістердің технологиялық процестері, ластағыш заттар шығарындыларының және стационарлық көздердің, қалдықтардың (түзілетін, жинақталатын және қалдықтарды басқару жөніндегі мамандандырылған ұйымдарға берілетін) сапалық және сандық сипаттамалары елеулі өзгерген жағдайда ұсынылады.

66. Ластаушы заттар шығарындыларының, қалдықтардың (қалдықтарды басқару жөніндегі мамандандырылған ұйымдарға жиналатын, жинақталатын және берілетін) технологиялық процестерінде, сапалық және сандық сипаттамаларында елеулі өзгерістер болған жағдайда, қызметін III санаттағы объектіде жүзеге асыратын тұлға ( бұдан әрі – Декларант) Кодекстің 110-бабының 5-тармағына сәйкес тиісті елеулі өзгерістер енгізілген күннен бастап үш ай ішінде жаңадан мемлекеттік экологиялық сараптаманы алады. Жаңадан мемлекеттік экологиялық сараптама алған жағдайда қоршаған ортаға әсер туралы жаңа декларацияны ұсынады.

67. Күнтізбелік жыл ішінде қоршаған ортаға теріс әсердің нақты көлемінің он пайыздан астамға өзгеруі елеулі өзгерістің өлшемшарты болып табылады.

68. I немесе II санаттағы объектілердің қызмет түріне сәйкес келетін, сондай-ақ Кодекске 2-қосымшаның 1 немесе 2-бөлімінде көрсетілген белгіленген шекті мәндерден асатын, III санатты объектідегі қызмет түрін өзгерткен кезде, тиісті экологиялық рұқсат алу қажет.

69. Кодекстің 107-бабының 1-тармағына сәйкес, объектінің операторы ауысқан кезде қолданыстағы Декларация өз күшін сақтайды және жаңа оператор үшін міндетті болады.

70. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органы осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы Нормативтік құқықтық актіні бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушіге, "цифрлық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс орталығы.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 30.03.2026 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**5-параграф. Экологиялық рұқсаттарды беру шарттары**

71. Кодекстің 27-бабының 2-тармағына сәйкес, кешенді экологиялық рұқсат және I санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсат берілетін I санаттағы

объектілерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган, оның ведомстволары мен аумақтық бөлімшелері арасында бөлуді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

72. Экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасы осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша төрт жылдан аспайтын мерзімге, ал жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар үшін – он жылдан аспайтын мерзімге осы Қағидалардың 13-қосымшасына сәйкес нысан бойынша КЭР алуға арналған өтінішке қосымша ретінде әзірленеді. Экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасын орындау мерзімі ұзартылуға жатпайды.

73. Кодекстің 119-бабының 7-тармағына сәйкес экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасын орындау шартымен КЭР-ді алған объектілердің операторлары оның орындалуы туралы есепті жыл сайын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 шілдедегі № 250 бұйрығымен бекітілген I және II санаттағы объектілерді өндірістік экологиялық бақылау, ішкі есепке алуды жүргізу, өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша мерзімдік есептерді қалыптастыру және ұсыну бағдарламасын әзірлеу қағидаларының (бұдан әрі – Өндірістік экологиялық бақылау қағидалары) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 23553 болып тіркелді) 2-қосымшасының 8-кестесінде анықталған нысан бойынша ұсынады.

74. Өтініште КЭР алуға өтінішті дайындау жөніндегі талаптарға сәйкес I санаттағы барлық объектілер және олармен технологиялық байланысты қызмет түрлері, осы өнеркәсіптік алаңда қолданыстағы немесе жоспарланған өндірістер ескеріледі.

75. Экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасының жобасы, оның ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен бұрын келісілген бағдарлама толық немесе ішінара қайта қаралған жағдайда міндетті түрде қоғамдық тыңдауларға шығарылады.

76. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасының орындалуына жыл сайынғы мониторингті жүзеге асырады. Экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасын орындау кезеңінде экологиялық рұқсатқа және КЭР алуға өтініш берген күні қолданыста болған мемлекеттік экологиялық сараптаманың (болған жағдайда) қорытындысына сәйкес эмиссиялар нормативтері қолданылады.

77. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелері және (немесе) мүдделі мемлекеттік органдар ұсынылған өтініште міндетті шарттарды қарау кезінде ұсынылған ескертпелерді нақты баяндауға және экологиялық шарттарды өзгерту жөнінде ұсынылатын ескертулердің, ұсыныстардың қажеттілігін міндетті түрде негіздей отырып, қорытындылар қалыптастыруға міндетті.

78. Экологиялық жағдайларды айқындау кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелері мен мүдделі мемлекеттік органдардың өтініш материалдарында ұсынылған қорытындыларын қарастырады.

79. Экологиялық жағдайлар Кодекстің 113-бабының 5-тармағына сәйкес ең үздік қолжетімді техникалар бойынша қорытындылармен (бұдан әрі – ең үздік қолжетімді техникалар бойынша қорытындылар) айқындалады.

Ең үздік қолжетімді техникалар бойынша қорытындылар бекітілгенге дейін объектілердің операторлары КЭР алу және технологиялық нормативтерді негіздеу кезінде қоршаған ортаның ластануын кешенді бақылау және болдырмау жөніндегі Еуропалық бюро шеңберінде әзірленген, оларды қолданудың тиісті салалары бойынша ең үздік қолжетімді техникалар жөніндегі анықтамалықтарға, сондай-ақ оларды қолданудың тиісті салалары бойынша ең үздік қолжетімді техникалар бойынша қорытындыларды бекіту туралы Еуропалық комиссияның шешімдеріне сілтеме жасауға құқылы.

80. Ең үздік қолжетімді техникалар бойынша қорытындылар қызметтің барлық әлеуетті экологиялық салдарын қамтымаған жағдайда, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган Кодекстің Ерекше бөлімінің талаптарына сәйкес экологиялық шарттарды белгілейді.

81. Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтері бір өнеркәсіптік алаңда орналасқан объектілердің санатына қарамастан, КЭР-де тек қана ең үздік қолжетімді техникалар бойынша қорытындыда айқындалған маркерлік ластағыш заттар үшін белгіленеді.

82. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган объектіні пайдаланудың қалыпты жағдайлары кезінде ең үздік қолжетімді техникалар бойынша қорытындылардың талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ететін эмиссиялардың нормативтерін айқындайды. Мұндай технологиялық нормативтер нақ сол бір уақыт аралықтарына жатқызылған нақ сол бір шамаларда және ЕҮҚТ-ны сипаттау кезінде пайдаланылатын нақ сол бір айқындау шарттары кезінде белгіленеді.

83. Қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтері технологиялық қондырғыдан ағын шығатын орындар және (немесе) атмосфераға шығарындылар көзінен шығатын орындар үшін, сондай-ақ әрбір шығарылымда сарқынды суларға арналған жобалық құжаттарда белгіленеді.

84. Ең үздік қолжетімді техникалар бойынша қорытындылар маркерлік ластағыш заттар үшін шығарындылардың және (немесе) төгінділердің шекті шамаларын қамтымаған жағдайда, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган Кодекстің Ерекше бөлігінде көзделген талаптарының негізінде нормативтерді белгілейді.

85. Қоршаған орта сапасының стандарттарына сәйкестік ең үздік қолжетімді техникалар бойынша қорытындыларға қарағанда анағұрлым қатаң технологиялық нормативтерді талап етке жағдайда, рұқсатта жекелеген ластағыш заттар үшін

экологиялық іс-қимылдардың өңірлік жоспарлары негізінде айқындалатын анағұрлым қатаң талаптар пайдаланылады.

86. ЕҮҚТ бойынша қорытындыларда көзделмеген экологиялық шарттар:

1) қалдықтардың жинақталу лимиттері, қалдықтарды көму лимиттері (меншікті полигоны болған кезде);

2) қалдықтарды басқару бағдарламасы;

3) қоршаған ортаға қауіп төндіретін жағдайларда объектіні пайдалану жөніндегі іс-қимылдар мен шаралар;

4) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, оның ішінде технологиялық көрсеткіштердің, топырақтар мен жерасты сулары жай-күйінің мониторингі, эмиссиялардың үздіксіз мониторингінің жүйелері (ЕҮҚТ бойынша қорытындыларға сәйкес талаптарды қоспағанда);

5) топырақ пен жер асты сулардың ластануын болғызбаудың қажетті шарттары мен шаралары, сондай-ақ жабдықтың жұмысы, қалдықтар мен қауіпті заттарды сақтау кезінде (ең үздік қолжетімді техникалар бойынша қорытындыларда белгіленген талаптарды қоспағанда) ағуды, төгілуді, апаттарды және өзге де тосын жағдайларды болғызбау мақсатында олардың сақталуын тұрақты бақылау.

87. Берілген КЭР көшірмесі қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

88. Жекелеген іс-шараларды орындау мерзімдерін ауыстыру тиісті іс-шаралар кешенін орындау кезеңі шегінде бір рет, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімге жүзеге асырылады. Бұл ретте экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасының жалпы мерзімін ұзартуға жол берілмейді.

89. Кодекстің 418-бабының 5-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексіне, ЕҮҚТ бойынша қорытындыларға сәйкес 2021 жылғы 1 шілдеге дейін берілген КЭР шарттары бойынша қол жеткізілген нәтижелердің сәйкестігін бағалау ЕҮҚТ енгізу бағдарламасын толық іске асыру қорытындылары бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте, ЕҮҚТ енгізу жөніндегі бағдарламаны толық іске асыру деп осындай бағдарламада көрсетілген барлық ЕҮҚТ енгізу және КЭР-де қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген жоспарланған параметрлерге қол жеткізу түсініледі.

90. КЭР-дің қолданудың тиісті салалары бойынша ЕҮҚТ бойынша қорытындыларға сәйкестігі немесе сәйкессіздігі туралы қорытынды шығарылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде мұндай қорытынды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында жариялануға жатады.

91. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган КЭР-дің қолданудың тиісті салалары бойынша ЕҮҚТ бойынша қорытындыларға сәйкессіздігі туралы қорытынды шығарған күннен бастап алты ай ішінде I санаттағы объектінің операторы мерзімі алты жылдан аспайтын бағдарламаға осындай рұқсатқа өзгерістер әзірлейді

және оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келіседі. Бұл ретте, КЭР рұқсат осы тармақта көрсетілген мерзімдер ішінде күшін сақтайды.

92. Жекелеген стационарлық көздері әртүрлі облыстардың (астананың, республикалық маңызы бар қалалардың) аумақтарында орналасқан II санаттағы объектіге қатысты экологиялық рұқсат алуға өтініш облыстардың (астананың, республикалық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының кез келгеніне беріледі.

Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.07.2026 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

93. I немесе II санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсаттар он жылға дейінгі мерзімге беріледі.

94. Пайдаланудан түпкілікті шығаруға жататын I немесе II санаттағы объектілерге Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап он жыл ішінде I санаттағы объектілер үшін немесе үш жыл ішінде II санаттағы объектілер үшін тиісті экологиялық рұқсатқа қосымша болып табылатын бекітілген кестеге сәйкес қоршаған ортаға эмиссияларға арналған 2021 жылғы 1 шілдеге қолданыста болатын рұқсатқа сәйкес эмиссиялардың нормативтері қолданылады.

I немесе II санаттағы объектілерді пайдаланудан шығару жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру кезеңіне қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу талап етілмейді.

95. Жұмыс істеп тұрған I немесе II санаттағы объектіде орналасқан стационарлық көздің және (немесе) стационарлық көздер жиынтығының Кодекске сәйкес экологиялық рұқсатта белгіленген эмиссиялардың нормативтерін (мемлекет қоршаған орта сапасының анағұрлым қатаң нормативтерін немесе қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері енгізген кезде) сақталмаған кезде, I немесе II санаттағы объектілері үшін әсер етуге арналған экологиялық рұқсатқа қосымша ретінде осы Қағидалардың 16-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары ұсынылады.

Мұндай объектіге қатысты қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау кезеңінде аталған рұқсат алуға өтініш берген күнге қолданыста болатын экологиялық рұқсатқа және мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысына (ол болған кезде) сәйкес эмиссиялардың нормативтері қолданылады.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары әсер етуге арналған экологиялық рұқсат қолданылатын кезеңде объект операторы қол жеткізетін қоршаған ортаға жағымсыз әсерді төмендету көрсеткіштерін қамтиды. Қоршаған ортаға жағымсыз әсерді кезең-кезеңмен төмендетудің әрбір тиісті көрсеткішіне қол жеткізілгеннен кейін мұндай көрсеткіш оператор үшін міндетті нормативке айналады.

96. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау мерзімі Рұқсаттың жалпы қолданылу мерзімінен аспайды және ұзартылуға жатпайды.

97. Әсер етуге экологиялық рұқсаттың қолданылу кезеңіне оператор жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың бірінші күніне дейін өндірістік экологиялық бақылау қағидаларының 2-қосымшасының 7-кестесінде белгіленген нысан бойынша осындай рұқсат берген мемлекеттік органға қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есеп береді.

Ескерту. 97-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 25.04.2025 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Экологиялық рұқсаттар беру,
қоршаған ортаға әсер ету туралы
декларацияны ұсыну
қағидалары, сондай-ақ әсер
етуге арналған экологиялық
рұқсат бланкілерінің нысандары
және оларды толтыру тәртібіне
1-қосымша

Нысан

**Кешенді экологиялық рұқсат алуға (қайта қарауға) өтініш***

Заңды тұлғаның (жеке кәсіпкердің) ұйымдық-құқықтық нысаны және атауы

___________________________________________

Заңды тұлғаның (жеке кәсіпкердің) тіркелген мекенжайы

______________________________________________________________________________________

Заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе жеке кәсіпкердің жеке сәйкестендіру нөмірі

______________________________________________________________________________________

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша заңды тұлғаның (жеке кәсіпкердің) экономикалық қызметінің негізгі түрінің коды:

______________________________________________________________________________________

Кәсіпорынның атауы

__________________________________________________________________________________

(соның құрамына объект кіретін)

Объектінің атауы

__________________________________________________________________________________

(Кодекстің 2-қосымшасы 1-бөліміне сәйкес)

1. Объект туралы жалпы мәліметтер

1-кесте. Объектінің сипаттамасы

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Объектінің атауы | |
| | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | Объектінің ( кәсіпорынның) мекенжайы | | |
| 3 | Қызмет түрі | | |
| 4 | Объектінің жай-күйі | | жаңа ( реконструкцияланатын) объект |
| | | | жұмыс істеп тұрған |
| | | | пайдаланудан толық шығару |
| 5 | КЭР алуға арналған өтініш | (иә/жоқ) | |
| 6 | КЭР алуға өзгерістер енгізуге арналған өтініш | (иә/жоқ) | |
| 7 | КЭР-дің алдыңғы берілген күні | | |
| 8 | Қолданыстағы КЭР-дің нөмірі | | |
| 9 | Қоршаған ортаға әсерді бағалауды орындау | (иә/жоқ) қосымшаның нөміріне сілтеме (болған кезде) | |
| 10 | Экологиялық сараптама жүргізу | қосымшаның нөміріне сілтеме (болған кезде ) | |
| 11 | Трансшекаралық ластануды есепке алу | (иә/жоқ) | |

Ескерту: Пайдаланылатын қысқартулардың тізбесі КЭР алуға арналған осы өтінішке 1-қосымшада келтіріледі.

3-баған – Кодекске 2-қосымшаның 1-бөліміне сәйкес объектіні көрсету. Кәсіпорында I санаттағы объектілер болған жағдайда, объект негізгі қызмет түріне сәйкес көрсетіледі.

4-баған – өтініштің қажетті түрін "Х" белгісімен белгілеу.

5, 6, 9, 10-баған – өтінішке ненің сәйкес келетінін көрсету.

9, 10-баған – егер иә болса, өтінішке қосымшаның тиісті нөмірін көрсету.

11-баған – елдің қоршаған ортасына елеулі жағымсыз әсерді есепке алу қажеттілігін көрсету. Трансшекаралық әсерді бағалау 4 және 6-тармақтарда көрсетілген ластағыш заттардың шығарындылары және ластанудың түрлері туралы деректер негізінде жасалады.

2-кесте. Өнеркәсіптік алаңдардың орналасуы

| Алаңның нөмірі | Атауы | Облыс | Аудан, елді мекен | Координаттары: градус, минут, секунд | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ендік | бойлық |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

2. Объектілер және қызмет түрлері

3-кесте. Объектілер және қызмет түрлері (ағымдағы немесе жоспарланатын)

| | |
|---|---|

| | |
|---|---|
| 1. | Объектілер (қызмет түрлері) |
| 2. | Өзгерістердің сипаттамасы (КЭР-ге өзгерістер енгізген кезде) |

Ескерту.

1-баған – кешенді рұқсат берілетін объектінің және оның негізгі технологиялық бөліктерін және меншік құқығы немесе өзге де заңды негіз бойынша пайдаланылатын бір өнеркәсіптік алаңда немесе іргелес учаскелерде орналасқан, онымен байланысты қызмет түрлерін қоса алғанда, тұтастай өндірістік процестің қысқаша сипаттамасы беріледі.

2-баған – жоспарланатын өзгеріс көрсетіледі.

4-кесте. Негізгі қызмет түрі

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. Объектінің атауы | | | |
| 2. Қызмет түрі | | | |
| 3. Номиналды өнімділігі | | | |
| 4. Іс жүзіндегі өнімділігі ( алдыңғы 3 жылға – жұмыс істеп тұрған объектілер үшін немесе 3 жылға жоспарланатын – жаңалары үшін) | 20___ жыл | 20___ жыл | 20___ жыл |
| | | | |
| 5. Мамандануы және негізгі техникалық сипаттамалары | | | |
| 6. Өндіріс туралы қосымша ақпарат | | | |
| 7. Пайдалануға беру күні (айы, жылы) | | | |
| 8. Пайдаланудан шығару жылы (қызмет етудің жоспарлы мерзімі) | | | |

Ескерту:

Кәсіпорында негізгі қызмет түрі бойынша бірнеше объект болса, кесте олардың әрқайсысы үшін толтырылады.

1-баған – технологиялық агрегатт.

2-баған – Кодекске 2-қосымшаның 1-бөліміне сәйкес қызмет түрі (объект).

3-баған – жабдықты өндіруші анықтағандай немесе жобалау құжаттамасында, объектіні салуға және пайдалануға арналған құжаттамада, тиісті рұқсатта объектінің номиналды өнімділігі / қуаты.

4-баған – алдыңғы күнтізбелік 3 жылдағы нақты өнімділік. Маусымдық немесе кезеңдік тиеу кезінде жұмыс уақыты мен өнімді шығару бойынша өнімділікті есептеу бойынша түсіндірмелер беріледі. Әлі пайдалануға берілмеген жаңа жабдық есепке алынбайды.

5-баған – пайдаланылатын ресурстар мен энергияны қоса алғанда, технологияның мақсаты және объектінің егжей-тегжейлі техникалық сипаттамалары.

6-баған – өндірістің үздіксіз немесе маусымдық сипаты, тәулігіне жұмыс ауысымдарының саны, іске қосу-тоқтатудың ерекше режимдері, негізгі жабдыққа арнайы техникалық қызмет көрсетудің кезеңділігі мен мерзімдері, катализаторды ауыстыру немесе Регенерациялау үшін тазарту жүйелерін жыл сайын ажырату қажеттілігі.

7-баған – салынып жатқан объектілер үшін – жоспарланған ай және пайдалануға берілген жыл, қалған жағдайларда – нақты ай және пайдалануға берілген жыл көрсетіледі.

8-баған – объектіні пайдаланудан шығарудың болжамды айы мен жылы ( реконструкциялау күні) не пайдалану мерзімі.

5-кесте. Объектілер

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. Объектінің атауы | | | |
| 2 Қызмет түрі (Кодекске 2-қосымшаның 1-бөліміне сәйкес) | | | |
| 3. Номиналды өнімділігі | | | |
| 4. Іс жүзіндегі өнімділігі ( алдыңғы 3 жылға – жұмыс істеп тұрған объектілер үшін немесе 3 жылға жоспарланатын – жаңалары үшін) | 20___ жыл | 20___ жыл | 20___ жыл |
| | | | |
| 5. Мамандануы және негізгі техникалық сипаттамалары | | | |
| 6. Өндіріс туралы қосымша ақпарат | | | |
| 7. Пайдалануға беру күні (айы, жылы) | | | |
| 8. Пайдаланудан шығару жылы (қызмет етудің жоспарлы мерзімі) | | | |

Ескерту: егер кәсіпорында осы санаттағы бірнеше объект болса, кесте олардың әрқайсысы үшін толтырылады.

1-8-бағандар 4-кестенің тармақтарына ұқсас толтырылады.

6-кесте. Технологиялық тұрғыдан байланысты қызмет түрлері

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. Объектінің атауы | | | |
| 2 Қызмет түрі (Кодекске 2-қосымшаның 2 және 3-бөлімдеріне сәйкес) | | | |
| 3. Номиналды өнімділігі | | | |
| 4. Іс жүзіндегі өнімділігі ( алдыңғы 3 жылға – жұмыс істеп тұрған объектілер үшін немесе 3 жылға жоспарланатын – жаңалары үшін) | 20___ жыл | 20___ жыл | 20___ жыл |
| | | | |
| 5. Мамандануы және негізгі техникалық сипаттамалары | | | |
| 6. Өндіріс туралы қосымша ақпарат | | | |
| | | | |

| | |
|---|---|
| 7. Пайдалануға беру күні (айы, жылы) | |
| 8. Пайдаланудан шығару жылы (қызмет етудің жоспарлы мерзімі) | |

Ескерту: егер кәсіпорында осы санаттағы бірнеше объект болса, кесте олардың әрқайсысы үшін толтырылады.

1-8-бағандар 5-кестенің тармақтарына ұқсас толтырылады.

7-кесте. Өндірілетін өнімнің (тауардың)түрлері мен көлемі

| Р/с № | Нысан | Өнім түрі | Сипаттамасы | Өндіріс, жыл/т | Өз қажеттіліктері үшін пайдалану, % |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

3. Объектіні салу, реконструкциялау және (немесе) пайдалану жоспарланатын аумақтың ағымдағы жай-күйінің сипаттамасы

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

4. Тиісті қолданылу салалары бойынша ең үздік қолжетімді техникалар туралы қорытындыларда келтірілген ең үздік қолжетімді техникалары бар пайдаланылатын немесе пайдаланылуы болжанатын техниканың сипаттамасы;

8-кесте. Ең үздік қолжетімді техникаларға сәйкестік

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. Объектінің атауы | | | |
| 2. Бағалау үшін негіздер | | | |
| 3. ЕҮҚТ атауы | 4. ЕҮҚТ техникасы | 5. Объектінің техникалары | 6. Сәйкестігі туралы қорытынды |

Ескерту.

Бағалау 4, 5 кестелерде көрсетілген әрбір объект бойынша жүзеге асырылады. Бірнеше объектілер үшін кесте объектілердің әрқайсысына толтырылады.

1-баған –- бағалау объектісі.

2-баған – ақпарат көзі: ЕҮҚТ (ұлттық немесе Еуропалық Одақ) бойынша қорытындылардың немесе анықтамалықтардың атауы және бекітілген күні.

3-баған – 2-бағандағы ақпарат көзіне сәйкес ЕҮҚТ атауы.

4-баған – 3-бағанда көрсетілген ЕҮҚТ үшін тиісті техника, әдіс немесе технология көрсетілген.

5-баған – объектіде бар немесе енгізу үшін жоспарланған жабдық, әдіс немесе технология.

6-бағанда – келесілердің кез-келгені көрсетіледі: ЕҮҚТ сәйкес келеді / ішінара сәйкес келеді / сәйкес келмейді / қызметтің осы түріне немесе технологиялық процеске қолданылмайды.

5. Технологиялық нормативтерінің негіздемесі

9-кесте. Ластаушы заттар шығарындыларының ұсынылған технологиялық нормативтері

| Ластану көзі | Маркерлік зат | Шектік мәні | | Өлшем бірлігі | Тексеру жиілігі |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бұрын | кейін | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |
| | | | | | |

10-кесте. Ластаушы заттар төгінділерінің ұсынылған технологиялық нормативтері

| Сужібергіштің нөмірі | Маркерлік зат | Шектік мәні | | Өлшем бірлігі | Тексеру жиілігі |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бұрын | кейін | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |
| | | | | | |

11-кесте. Ұсынылатын су тұтынудың технологиялық үлестік нормативтері

| Р/с № | Су көзі | Қолдану мақсаты | Суды тұтыну | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | тәулігіне/ литр, орташа | тәулігіне/ литр, максимум | тәулігіне/ м3 | жылына/ м3 | үлестік (өнім бірлігіне ) | |
| | | | | | | | бұрын | кейін |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |

12-кесте. Жылу және (немесе) электр энергиясын тұтынудың технологиялық үлестік нормативтері

| Р/с № | Технологиялық операциялардың атауы | Жабдықты сәйкестендіру | Өнімнің атауы | Өнімнің өлшем бірлігі | Энергия шығыны | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Жылу энергиясы | | | Электр қуаты | | |
| | | | | | Гкал / жыл | Гкал/ өнім бірлігіне | | кВт сағат* / жыл | кВт*ч/ өнім бірлігіне | |
| | | | | | | бұрын | кейін | | бұрын | кейін |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| 1 | | | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | | | |
| … | | | | | | | | | | |
| Барлығы | | | | | | | | | | |

13-кесте. Ауаға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындыларының нормативтері

| Ластану көзі | Ластаушы зат немесе заттар тобы | Жалпы шығарылым | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Қазіргі жағдай* | | | Сұратылған норматив | | |
| | | секунд/ грамм | жыл/тонна | м3/ мг | секунд/ грамм | жыл/тонна | м3/ мг |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

Ескертпе

* жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар үшін толтырылады

14-кесте. Ашық су айдындарына ластаушы заттардың жол берілетін төгінділерінің нормативтері

| Сужібергіштің нөмірі | Ластаушы зат | Төгінді | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Қазіргі жағдай* | | | Сұратылған норматив | | |
| | | Шығару концентрациясы және дм3/мг | сағат/грамм | жыл/тонна/ | Шығару концентрациясы және дм3/мг | сағат/грамм | жыл/тонна |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

Ескертпе

* жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар үшін толтырылады

15-кесте. Ластаушы заттарды жасанды су объектілеріне жол берілетін төгінді нормативтері

| Сужібергіштің нөмірі | Ластаушы зат | Төгінді | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Қазіргі жағдай* | | | Сұратылған норматив | | |
| | | Шығару концентрациясы және дм3/мг | сағ/г | жыл/т/ | Шығару концентрациясы және дм3/мг | сағ/г | жыл/т |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

16-кесте. Ластаушы заттарды жер қойнауына жол берілетін төгінді нормативтері

| Сужібергіштің нөмірі | Ластаушы зат | Төгінді | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Қазіргі жағдай* | | | Сұратылған норматив | | |
| | | Шығару концентрациясы және дм3/мг | сағат/грамм | жыл/тонна | Шығару концентрациясы және дм3/мг | сағат/грамм | жыл/тонна |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

Табиғи ортаға жол берілетін физикалық әсерлердің нормативтері

17-кесте. Шу әсерінің рұқсат етілген деңгейі

| № р/с | Шу көздері ( технологиялық немесе көлік) | Көздердің сипаттамасы | Шу деңгейі, дБ |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

Ескерту.

Салынатын немесе жоспарланатын объектілер үшін - есептік деңгей; бар объектілер үшін – нақты деңгей. Айнымалы мәндер жағдайында шу әсерінің максималды деңгейі көрсетіледі.

18-кесте. Дірілдің рұқсат етілген деңгейі

| № р/с | Діріл көздері | Көздердің сипаттамасы | Діріл жылдамдату, дБ |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

Ескерту.

Салынатын немесе жоспарланатын объектілер үшін - есептік деңгей; бар объектілер үшін – нақты деңгей. Айнымалы мәндер жағдайында шу әсерінің максималды деңгейі көрсетіледі.

19-кесте. Электромагниттік сәулеленудің рұқсат етілген деңгейі

| № р/с | Электромагниттік сәулеленудің көздері | Көздердің сипаттамасы | Сәуле түрі | Электромагниттік сәулеленудің рұқсат етілген шекті деңгейі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | | 4 |
| | | | | |

Ескерту.

Салынатын немесе жоспарланатын объектілер үшін - есептік деңгей; бар объектілер үшін – нақты деңгей. Айнымалы мәндер жағдайында шу әсерінің максималды деңгейі көрсетіледі.

20-кесте. Жылу ластануының рұқсат етілген деңгейі

| № р/с | Жылу ластануының көздері | Көздердің сипаттамасы | Жылу ластануының түрі | Жылу ластануының рұқсат етілген шекті деңгейі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | | 4 |
| | | | | |

Ескерту.

Салынатын немесе жоспарланатын объектілер үшін - есептік деңгей; бар объектілер үшін – нақты деңгей. Айнымалы мәндер жағдайында шу әсерінің максималды деңгейі көрсетіледі.

Қалдықтарды жинақталу және көму лимиттері

21-кесте. Қалдықтардың жинақталу лимиттері

| | Қалдықтың атауы (коды) | Жинақтау орны | Қалдықтарының жинақталу лимиті, жыл/тонна |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Барлығы, олардың ішінде алаңдар бойынша: | | | |
| 1 алаң | | | |
| Оның ішінде түрлері бойынша: | | | |
| 2 алаң | | | |
| Оның ішінде түрлері бойынша: | | | |

22-кесте. Қалдықтардың көму лимиттері

| | Қалдықтың атауы (коды) | Көму орны | Қалдықтарының көму лимиті, жыл/тонна |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Барлығы, олардың ішінде алаңдар бойынша: | | | |
| 1 алаң | | | |
| Оның ішінде түрлері бойынша: | | | |
| 2 алаң | | | |
| Оның ішінде түрлері бойынша: | | | |

23-кесте. Күкіртті ашық түрде күкірт карталарында орналастыру лимиттері

| | Орналастыру орны | Күкіртты орналастыру лимиті, жыл/тонна |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 20..ж | | |
| Барлығы | | |
| 1 алаң | | |
| 2 алаң | | |
| 20..ж | | |
| Барлығы | | |
| 1 алаң | | |
| 2 алаң | | |

6. Шикізатты, суды және энергияны тұтыну

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар үшін шикізаттың, энергияның және судың шығыны өткен күнтізбелік жылға, ал жаңа кәсіпорындарға жоспарлы мәндерге сәйкес көрсетіледі. Есепті жылдың деректерінде айтарлықтай айырмашылықты тудырған ерекше жағдайларда олардың өкілеттілігі туралы түсініктемелер беріледі.

24-кесте. Шикізатты тұтыну

| Шикізат атауы | Жылдық тұтыну, т | Сақтау әдісі |
|---|---|---|
| | | |

25-кесте. Энергетикалық ресурстарды тұтыну

| Энергетикалық ресурстар | Жылдық тұтыну | Единица измерения |
|---|---|---|
| Табиғи газ | | |
| газ тәрізді отын | | |
| Тас көмір | | |
| Қоңыр көмір | | |
| Кокс | | |
| қатты отын | | |
| Мазут | | |
| Газойль | | |
| Пеш отыны | | |
| Дизель отыны | | |
| Қайталама энергия ресурстары | | |
| Жаңартылатын көздер | | |
| Бөгде электр энергиясы | | |

| | | |
|---|---|---|
| Бөгде жылу энергиясы | | |
| отын | | |

26-кесте. Суды тұтыну

| Су түрі | Жылдық тұтыну, жыл/м3 |
|---|---|
| Ауызсу | |
| Техникалық | |
| Сарқынды | |

7. Кешенді экологиялық рұқсатқа енгізу үшін ұсынылатын экологиялық шарттар

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

8. Іс-шараларды алу және жүзеге асыру үшін болжамды рұқсаттар мен хабарламалар

27-кесте. Рұқсаттар мен хабарламалардың тізімі

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Жұмыс істеуге рұқсат | Беру күні / жарамдылығы (болған жағдайда) | |
| | | Нөмірі, берілген ( реттеуші орган) | |
| | | Жоқ | |
| 2 | Экологиялық рұқсаттар | | |

9. Соңғы жеті жыл ішінде объектіде болған, қоршаған ортаның ластануына немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге әкеп соққан апаттар мен оқиғалар туралы ақпарат.

28-кесте. Апаттар мен инциденттер туралы ақпарат

| р/с № | Авариялардың немесе оқыс оқиғалардың сипаттамасы | Ластану түрі | Эмиссиялар дың мөлшері | Экологиялық нұқсанды жою бойынша қабылданған шаралар, оның ішінде қаржылық шығындар, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

Ескерту. Жұмыс істеп тұрған объектілер үшін қоршаған ортаны ластауға және экологиялық нұқсан келтіруге алып келген, алдыңғы жеті жыл ішінде объектіде болған авариялар мен оқыс оқиғалар көрсетіледі.

2-баған – 2-бөлімде көрсетілген объектілердегі авариялар мен оқыс оқиғалардың қысқаша сипаттамасын беру.

3- баған – авария мен оқыс оқиғаның жерүсті және жерасты сулардың жай-күйіне, топырақ пен атмосфералық ауаға әсерін көрсету.

4- баған – авариялық ластану шамасын көрсету.

10. Экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасын іске асыру туралы ақпарат ( болған жағдайда)

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

_______________________________________________________________

11. Өтінішке қоса беріледі:

1) белгіленіп отырған қызметке қатысты – объектілерді салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жобалау құжаттамасы, қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды, белгіленіп отырған қызметтің әсерлеріне скрининг нәтижелері туралы қорытынды не осы Кодекстің 68-бабының 2-тармағында көзделген белгіленіп отырған қызмет туралы өтініш;

2) технологиялық нормативтердің негіздемесі және оңайлатылған тәртіп бойынша экологиялық бағалау материалдарымен бірге эмиссиялар нормативтерінің жобасы;

3) қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы;

4) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы;

5) ең үздік қолжетімді техникаларды қолдануға байланысты технологиялық көрсеткіштерді сақталмаған кезде I санаттағы жұмыс істеп тұрған объектілер үшін – осы Кодекстің 119-бабына сәйкес әзірленген экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасының жобасы;

6) күкіртті ашық түрде күкірт карталарында орналастыру нормативтерінің жобасы ( көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде ).

Өтініш ____ бетте жасалды.

Заңды тұлғаның басшысы (жеке кәсіпкер)

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және лауазымы:

_______________________________________________________________

202__ жылғы "___" ___________ _________________________

(қолы)

Уәкілетті байланыс жасайтын тұлға

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және лауазымы:

_______________________________________________________________

Телефоны: _________________, электрондық пошта:

Ескерту * - КЭР-ді алуға немесе қайта карауға өтініш көрсетіледі.

Экологиялық рұқсаттар беру,
қоршаған ортаға әсер ету туралы
декларацияны ұсыну
қағидалары, сондай-ақ әсер
етуге арналған экологиялық
рұқсат бланкілерінің нысандары
және оларды толтыру тәртібіне
2-қосымша

Нысан

**"Кешенді экологиялық рұқсатты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке негізгі талаптардың тізбесі**

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді– ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 25.04.2025 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.03.2026 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

| Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы "Кешенді экологиялық рұқсатты беру" | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті және оның аумақтық бөлімшелері. |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | "Цифрлық үкімет" веб-порталы www.egov.kz арқылы |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | Көрсетілетін қызметті беруші өтінішті тіркеген сәттен бастап: рұқсат беру - 55 (елу бес) жұмыс күнінен аспайды;<br>рұқсатты қайта ресімдеу - 5 (бес) жұмыс күні ішінде. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электронды (ішінара автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Кешенді экологиялық рұқсат, кешенді экологиялық рұқсатты қайта рәсімдеу немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет Тізбесінің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту.<br>Мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін ұсынудың нысаны электронды болып табылады. |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушыға тегін көрсетіледі. |
| 7 | Жұмыс кестесі | Портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00 ден 14.30 дейін түскі үзіліспен күн сайын 9.00-ден 18.30 -ға дейін.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;<br>2) порталда www.egov.kz. |
| | | Кешенді экологиялық рұқсат алу үшін<br>1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық түрдегі кешенді рұқсат алуға өтініш;<br>2) белгіленіп отырған қызметке қатысты объектілерді салу және ( немесе) пайдалану жөніндегі жобалау құжаттамасы, қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды, белгіленіп отырған қызметтің әсерін скрининг нәтижелері туралы қорытынды немесе Кодексінің 68-бабының 2-тармағында көзделіп отырған қызмет туралы өтініш;<br>3) технологиялық нормативтердің негіздемесі және оңайлатылған |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі | тәртіп бойынша экологиялық бағалау материалдарымен бірге эмиссиялар нормативтерінің жобасы;<br>4) қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы;<br>5) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы;<br>6) I санаттағы жұмыс істеп тұрған объектілер үшін ең үздік қолжетімді техникаларды қолдануға байланысты технологиялық көрсеткіштерді сақталмаған кезде Кодекстің 119-бабына сәйкес әзірленген экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасының жобасы және осындай бағдарламаның жобасына қоғамдық тыңдаулар өткізу бойынша қоғамдық тыңдаудың хаттамасы;<br>7) күкіртті ашық түрде күкірт карталарында орналастыру нормативтерінің жобасы ( көмірсутектерді барлау және ( немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде) жолдайды.<br>Кешенді экологиялық рұқсатты қайта рәсімдеу үшін:<br>1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған, эмиссияға арналған экологиялық рұқсатты электрондық нысанда қайта ресімдеуге өтініш;<br>2) қайта ресімделетін кешенді экологиялық рұқсат берілген объектіге (объектілерге) меншік құқығының ауысуын растайтын құжат.<br>Портал арқылы құжаттарды жолдау кезінде көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта көзделген құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынады. |
| | | 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және ( |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) анық еместігі анықталса;<br>2) өтініш және (немесе) оған қоса берілетін құжаттар Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарына және ( немесе) қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері жөніндегі қорытындыға не қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалауды жүргізу қажеттігінің жоқтығы туралы тұжырымды қамтитын, көзделіп отырған қызметтің әсерлерін скринингтің нәтижелері туралы қорытындыға сәйкес келмесе;<br>3) қызметті алушының Кодекстің 115-бабында көзделген тәртіппен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған кешенді экологиялық рұқсаттың талаптарымен келіспеуі ;<br>4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. |
| 10 | Мемлекеттік қызметтер көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, басқа талаптар | Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада және пайдаланушылардың цифрлық жүйелерінде авторландырылған субъектілер үшін қолжетімді.<br>Цифрлық құжатты пайдалану үшін пайдаланушылардың мобильді қосымшасында және цифрлық жүйелерінде қолжетімді әдістермен авторизациядан өту қажет, бұдан әрі "цифрлық құжаттар" бөлімінде одан әрі пайдалану үшін қажетті құжатты қарайды. |

Экологиялық рұқсаттар беру,
қоршаған ортаға әсер ету туралы
декларацияны ұсыну
қағидалары, сондай-ақ әсер
етуге арналған экологиялық

рұқсат бланкілерінің нысандары
және оларды толтыру тәртібіне
3-қосымша

Нысан

**Дәлелді бас тарту**

| | | |
|---|---|---|
| Күні: [Берілген күні] | | [Заңды тұлғаның атауы] |
| Нөмірі: [Құжат нөмірі] | | [Заңды тұлғаның деректемелері ( мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, телефоны)] |
| Дәлелді бас тарту [Мемлекеттік органның атауы], Сіздің [Өтініш күні] жылғы № [Өтініштің нөмірі] өтінішіңізді және қоса беріліп отырған құжаттар тізбесін қарап, мынаны хабарлайды: [Бас тартудың негізі ] | | |
| | [Қол қоюшының лауазымы] [Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), электрондық цифрлық қолтаңбасы] | |

Экологиялық рұқсаттар беру,
қоршаған ортаға әсер ету туралы
декларацияны ұсыну
қағидалары, сондай-ақ әсер
етуге арналған экологиялық
рұқсат бланкілерінің нысандары
және оларды толтыру тәртібіне
4-қосымша

Нысан

**Кешенді экологиялық рұқсат алуға өтініш бойынша сараптамалық қорытынды**

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның немесе мүдделі мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің атауы

______________________________________________________________________

№_________ 20__ жыл "___" _________.

_____________________________________________________________ объектіге

______________________________________________________________________

(КЭР алуға арналған өтінішке сәйкес объектінің атауы)

_____________________________________________________________ кәсіпорын

______________________________________________________________________

(құрамында объекті бар кәсіпорынның атауы)

Заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) /жеке кәсіпкердің жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН): ________________________________

(КЭР алуға өтініш бойынша)

Ұсынылатын шарттар:

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

(түсініктемелер жеке бөлімдерді, тармақтарды, бағандарды, кестелер мен қосымшаларды көрсете отырып, өз құзыреті шеңберінде келтіріледі)

Қорытынды:

КЭР беру қолдау

Келесі көрсетілген қосымша шарттарды қарастыру/қабылдау шартымен КЭР беру қолдау

___________________________________________________________________________

Келесі себептерге сәйкес КЭР беру қолдамау

___________________________________________________________________________

(Қорытындының келесі нұсқаларының бірі (қажет емесін алып тастау)

Заңды тұлғаның/жеке кәсіпкердің тіркелген мекенжайы

___________________________________________________________________________

(КЭР алуға өтініш бойынша)

Объектінің мекенжайы (орналасқан жері)

___________________________________________________________________________

(КЭР алуға өтініш бойынша)

Қорытындыны берген органның басшысы ___________________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

"___" _________ 20__ жыл

Экологиялық рұқсаттар беру,
қоршаған ортаға әсер ету туралы
декларацияны ұсыну
қағидалары, сондай-ақ әсер
етуге арналған экологиялық
рұқсат бланкілерінің нысандары
және оларды толтыру тәртібіне
5-қосымша

Нысан

**Кешенді экологиялық рұқсат беру туралы шешім қабылдау себептерінің негіздемесі ( уәкілетті орган толтырады)**

1. Кешенді экологиялық рұқсат алу тәртібі

Уәкілетті орган (күнін көрсету) (атауы, орналасқан жері) объектісіне кешенді экологиялық рұқсат беру үшін (пошта мекенжайы) мекенжайы бойынша тіркелген ( қызметті алушы) кешенді рұқсатты алуға өтінішін алды.

Сараптамалық қорытындылар мен түсініктемелер алу үшін өтініш мынадай мүдделі органдарға жіберілді:

___________________________________________________________________________

Өтінішке алынған ескертулерді қарау және талқылау қоғамдық тыңдаулар барысында өткізілді:

Объектіні пайдалану шарттарын айқындау кезінде уәкілетті орган ЕҮҚТ-ға сәйкестігін бағалауды қоса алғанда, өтініш материалдарын қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижесі бойынша қорытындыны, мүдделі органдар мен жұртшылықтың түсініктемелерін ескерді.

2. ЕҮҚТ-ға сәйкестігі

ЕҮҚТ бойынша қорытындыларға сәйкестігі туралы тұжырымдар: ЕҮҚТ сәйкес келеді/ ЕҮҚТ сәйкес келмейді.

ЕҮҚТ бойынша салалық қорытындылардың талаптарына сәйкес экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасы үшін нақты себептерді, негіздерді көрсету

_______________________________________________________________________

Қоршаған орта сапасының нормативтеріне қол жеткізу үшін ЕҮҚТ кезіндегіге қарағанда анағұрлым қатаң шарттарды қолдану негіздемесі

_______________________________________________________________________

3. Экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасының жобасын келісу

Ұсынылған бағдарламаның негізділігі мен шынайылығы, мәлімделген іс-шаралардың тиімділігі туралы қорытынды

_______________________________________________________________________

4. Келіспеушіліктер

Кешенді экологиялық рұқсаттың жобасына енгізілген шарттар бойынша туындайтын келіспеушіліктерді сараптама комиссиясы Кодекстің 94-бабында көзделген тәртіппен шешеді.

Экологиялық рұқсаттар беру,
қоршаған ортаға әсер ету туралы
декларацияны ұсыну
қағидалары, сондай-ақ әсер
етуге арналған экологиялық
рұқсат бланкілерінің нысандары
және оларды толтыру тәртібіне
6-қосымша

Нысан

**Кешенді экологиялық рұқсат**

20__ жылғы "___" _________ №_________
кәсіпорынның

_______________________________________________________________________

(құрамында объект болатын кәсіпорынның атауы)

_______________________________________________________________ объектісіне

_______________________________________________________________________

(Кодекстің 2-қосымшасы 1-бөліміне сәйкес объектінің атауы)

Кешенді экологиялық рұқсат берілді

___________________________________________________________________

___________________________________________________________________

(заңды тұлғаның, дара кәсіпкердің атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны)
Заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі / жеке кәсіпкердің
жеке сәйкестендіру нөмірі: ________________________________________
Заңды тұлғаның / жеке кәсіпкердің тіркелген мекенжайы _________________

___________________________________________________________________

Объектінің мекенжайы (орналасқан жері) ________________________________

___________________________________________________________________

Кешенді экологиялық рұқсат берген мемлекеттік органының басшысы

___________________________________________________________________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
20__ жылғы "___" _________

Кешенді экологиялық рұқсатқа
қосымша

1. Иесі (операторы), объектісі және ілеспе жүзеге асырылатын қызмет түрлері туралы мәліметтер.

1-кесте. Негізгі объект

| Объектінің атауы | Объект түрі (Кодекске 2-қосымшаның 1-бөліміне сәйкес) | Номиналды өнімділігі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | | |

2-кесте. Объектілер

| Р/с № | Объектінің атауы | Объект түрі (Кодекске 2-қосымшаның 1-бөліміне сәйкес) | Номиналды өнімділігі |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

3-кесте. Технологиялық тұрғыдан байланысты қызмет түрлері

| Рр/с № | Қызмет түрінің атауы | Қызмет түрі (Кодекске 2-қосымшаның 2 және 3-бөлімдеріне сәйкес) | Номиналды өнімділігі |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

2. Қызметтегі экологиялық шарттары

4-кесте. Ластаушы заттар шығарындыларының технологиялық нормативтері

| Ластану көзі | Маркерлік зат | Шектік мәні | Өлшем бірлігі | Тексеру жиілігі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 5 | 6 |
| 1 | | | | |
| 2 | | | | |
| …. | | | | |

5-кесте. Ластаушы заттар төгінділерінің технологиялық нормативтері

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

| Сужібергіштің нөмірі | Маркерлік зат | Шектік мәні | Өлшем бірлігі | Тексеру жиілігі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

6-кесте. Ұсынылатын су тұтынудың технологиялық үлестік нормативтері

| Р/с № | Су көзі | Қолдану мақсаты | Суды тұтыну | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | тәулігіне/ литр, орташа | тәулігіне/ литр, максимум | тәулігіне/ м3 | жылына/ м3 | үлестік (өнім бірлігіне ) | |
| | | | | | | | бұрын | кейін |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |

7-кесте. Жылу және (немесе) электр энергиясын тұтынудың технологиялық үлестік нормативтері

| Р/с № | Технологиялық операциялардың атауы | Жабдықты сәйкестендіру | Өнімнің атауы | Өнімнің өлшем бірлігі | Энергия шығыны | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Жылу энергиясы | | | Электр қуаты | | |
| | | | | | Гкал / жыл | Гкал/ өнім бірлігіне | | кВтсағ* / жыл | кВт*ч/ өнім бірлігіне | |
| | | | | | | бұрын | кейін | | бұрын | кейін |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| 1 | | | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | | | |
| … | | | | | | | | | | |
| Барлығы | | | | | | | | | | |

8-кесте. Ауаға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындыларының нормативтері

| Ластану көзі | Ластаушы зат немесе заттар тобы | Жалпы шығарылым | | |
|---|---|---|---|---|
| | | секунд/грамм | жыл/тонна | м3/ мг |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |
| | | | | |

9-кесте. Ашық су айдындарына ластаушы заттардың жол берілетін төгінділерінің нормативтері

| Сужібергіштің нөмірі | Ластаушы зат | Төгінді | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Шығару концентрациясы және дм3/мг | сағат/грамм | жыл/тонна |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

10-кесте. Ластаушы заттарды жасанды су объектілеріне жол берілетін төгінді нормативтері

| Сужібергіштің нөмірі | Ластаушы зат | Төгінді | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Шығару концентрациясы және дм3/мг | сағат/грамм | жыл/тонна |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

11-кесте. Ластаушы заттарды жер қойнауына жол берілетін төгінді нормативтері

| Сужібергіштің нөмірі | Ластаушы зат | Төгінді | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Шығару концентрациясы және дм3/мг | сағат/грамм | жыл/тонна |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

Табиғи ортаға жол берілетін физикалық әсерлердің нормативтері

12-кесте. Шу әсерінің рұқсат етілген деңгейі

| № р/с | Шу көздері ( технологиялық немесе көлік) | Көздердің сипаттамасы | Шу деңгейі, дБ |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

Ескерту.

Салынатын немесе жоспарланатын объектілер үшін - есептік деңгей; бар объектілер үшін – нақты деңгей. Айнымалы мәндер жағдайында шу әсерінің максималды деңгейі көрсетіледі.

13-кесте. Дірілдің рұқсат етілген деңгейі

| № р/с | Діріл көздері | Көздердің сипаттамасы | Діріл жылдамдату, дБ |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

Ескерту.

Салынатын немесе жоспарланатын объектілер үшін - есептік деңгей; бар объектілер үшін – нақты деңгей. Айнымалы мәндер жағдайында шу әсерінің максималды деңгейі көрсетіледі.

14-кесте. Электромагниттік сәулеленудің рұқсат етілген деңгейі

| № р/с | Электромагниттік сәулеленудің көздері | Көздердің сипаттамасы | Сәуле түрі | Электромагниттік сәулеленудің рұқсат етілген шекті деңгейі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | | 4 |

Ескерту.

Салынатын немесе жоспарланатын объектілер үшін - есептік деңгей; бар объектілер үшін – нақты деңгей. Айнымалы мәндер жағдайында шу әсерінің максималды деңгейі көрсетіледі.

15-кесте. Жылу ластануының рұқсат етілген деңгейі

| № р/с | Жылу ластануының көздері | Көздердің сипаттамасы | Жылу ластануының түрі | Жылу ластануының рұқсат етілген шекті деңгейі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | | 4 |

Ескерту.

Салынатын немесе жоспарланатын объектілер үшін - есептік деңгей; бар объектілер үшін – нақты деңгей. Айнымалы мәндер жағдайында шу әсерінің максималды деңгейі көрсетіледі.

Қалдықтарды жинақталу және көму лимиттері

16-кесте. Қалдықтардың жинақталу лимиттері

| | Қалдықтың атауы (коды) | Жинақталу орны | Қалдықтарының жинақталу лимиті, жыл/тонна |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Барлығы, олардың ішінде алаңдар бойынша: | | | |
| 1 алаң | | | |
| Оның ішінде түрлері бойынша: | | | |
| 2 алаң | | | |
| Оның ішінде түрлері бойынша: | | | |

17-кесте. Қалдықтардың көму лимиттері

| | Қалдықтың атауы (коды) | Көму орны | Қалдықтарының көму лимиті, жыл/тонна |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Барлығы, олардың ішінде алаңдар бойынша: | | | |
| 1 алаң | | | |
| Оның ішінде түрлері бойынша: | | | |
| 2 алаң | | | |
| Оның ішінде түрлері бойынша: | | | |

18-кесте. Күкіртті ашық түрде күкірт карталарында орналастыру лимиттері

| | Орналастыру орны | Күкіртты орналастыру лимиті, жыл/тонна |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 20..ж | | |
| Барлығы | | |
| 1 алаң | | |
| 2 алаң | | |
| 20..ж | | |
| Барлығы | | |
| 1 алаң | | |
| 2 алаң | | |

Арнайы су пайдалануға арналған лимиттер. Егер қызмет Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес арнайы су пайдалануды қамтыған жағдайда толтырылады

19-кесте. Су тұтыну лимиттері

| | | | | | | | Суды шығарудың |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

| Р/с № | С у нысанының атауы | Су көзінің коды | Қабылдаушы ұйымның коды | Теңіз-өзен коды | Сапа коды | Сағадан қашықтық, шақырым | жылдық есептелген текше метрі / жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | |
| ... | | | | | | | |

20-кесте. Ағынды сулар көлемінің лимиттері

| Р/с № | С у нысанының атауы | Су көзінің коды | Қабылдаушы ұйымның коды | С у шаруашылығы учаскесі | Теңіз-өзен коды | Сапа коды | Сағадан қашықтық, шақырым | Суды жіберудің есептік жылдық көлемі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1 | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | |
| ... | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Ластанған | | Нормативті-таза ( тазаланбай) | Нормативті тазаланған |
|---|---|---|---|
| Тазаланбаған | Жеткілікті тазаланбаған | | |
| 10 | 11 | 12 | 13 |
| | | | |

Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу шаралары

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

Қоршаған ортаға қауіп төндіретін жағдайларда объектіні пайдалану жөніндегі іс-шаралар мен шаралар

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

Топырақ пен жер асты суларының ластануын болдырмайтын қажетті жағдайлар мен шаралар, сондай-ақ жабдықты пайдалану кезінде немесе сақтау кезінде ағып кетудің, төгілудің, апаттардың және төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында осындай жағдайлар мен шаралардың сақталуын үнемі бақылау мен бақылауға қойылатын талаптар. қалдықтар мен қауіпті заттар

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

Қоршаған ортаға және қоршаған ортаға әсерін бағалау туралы қорытындыда көрсетілген қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптар

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________

Экологиялық рұқсаттар беру,
қоршаған ортаға әсер ету туралы
декларацияны ұсыну
қағидалары, сондай-ақ әсер
етуге арналған экологиялық
рұқсат бланкілерінің нысандары
және оларды толтыру тәртібіне
7-қосымша

Ескерту. 7-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 15.02.2024 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.03.2026 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Нысан

**Мемлекеттік органның атауы I және II санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтініш ______________________________________________________________ __________ (оператордың атауы)**

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

(қызметті алушы ұйымның заңды мекенжайы немесе жеке тұлғаның тұратын мекенжайы)

1. Жалпы ақпарат

Байланыс телефондары _____________________________________________

Өтініш берілетін өндірістік объектісінің атауы __________________________
_______________________________________________________________

Объектінің санаты _________________________________________________
_______________________________________________________________

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі
_______________________________________________________________

2. Өнеркәсіптік алаңдардың орналасқан жері туралы деректер өндірістік объектінің қоршаған ортасын ластау көздері бар:

1-кесте. Өнеркәсіптік алаңдардың орналасуы

| | | | | Координаттары: | |
|---|---|---|---|---|---|

| Алаңның нөмірі | Атауы | Облыс | Аудан, елді мекен | градус, минут, секунд | | Алып жатқан аумағы, га |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ендік | бойлық | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |

## 3. Сұратылатын эмиссиялар және экологиялық әсер

### 2-кесте. Ластағыш заттардың шығарынды нормативтері

| | Ластаушы заттар шығарындыларының нормативтері | | | | Ластаушы заттардың шығарындыларының сұратылған лимиттері | | | | Өтінім берер алдындағы 3 жылғы іс жүзіндегі шығарындылар көлемі | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Секунд / грамм | жыл/ тонн | мг/м3 | мг/ нм3 | Секунд/грамм | жыл/ тонн | мг/м3 | мг/ нм3 | Секунд / грамм | жыл/ тонн | мг/м3 | мг/ нм3 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | | 5 | 6 | 7 | | 8 | 9 | 10 | |
| Барлығы, олардың ішінде алаңдар бойынша: | | | | | | | | | | | | |
| 1 алаң | | | | | | | | | | | | |
| Ингредиенттерді қосқанда: | | | | | | | | | | | | |
| Жалпы | | | | | | | | | | | | |
| 2 алаң және т. б. | | | | | | | | | | | | |
| Ингредиенттерді қосқанда: | | | | | | | | | | | | |
| Жалпы | | | | | | | | | | | | |
| Барлығы | | | | | | | | | | | | |

### 3-кесте. Ластаушы заттар төгінділеріне арналған лимиттері

| | | Ластаушы заттардың төгінділерінің нормативтері | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 20…жыл | | | 20…жыл | | |
| | | | | | | | |

| Шығарылым нөмірі | Көрсеткіш атауы | Сарқынды сулар шығыны | | Шығарылымда шоғырлануы, мг/дм3 | Төгінді | | Сарқынды сулар шығыны | | Шығарылымда шоғырлануы, мг/дм3 | Төгінді | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | м3/сағ | мың м3 /жыл | | г/сағ | т/жыл | м3/сағ | мың м3 /жыл | | г/сағ | т/жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | | | | | |
| 1 | | | | | | | | | | | |
| Жалпы | | | | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | | | | |
| Жалпы | | | | | | | | | | | |
| Барлығы | | | | | | | | | | | |

## Кестенің жалғасы

| Шығарылым нөмірі | Көрсеткіш атауы | Ластаушы заттардың төгінділерінің сұратылған лимиттері | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 20…жыл | | | | | | | | | |
| | | Сарқынды сулар шығыны | | | | | Сарқынды сулар шығыны | | | | |
| | | м3/сағ | тыс. м3 /год | | м3/сағ | | | м3/сағ | | г/ч | м3/сағ |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| 1 | | | | | | | | | | | |
| Жалпы | | | | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | | | | |
| Жалпы | | | | | | | | | | | |
| Барлығы | | | | | | | | | | | |

## Кестенің жалғасы

| Шығарылым нөмірі | Көрсеткіш атауы | Өтінім берер алдындағы 3 жылғы іс жүзіндегі төгінділер көлемі | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 20…жыл | | | | | | | | | |
| | | Сарқынды сулар шығыны | | | | | Сарқынды сулар шығыны | | | | |
| | | м3/сағ | тыс. м3 /год | | м3/сағ | | | м3/сағ | | г/ч | м3/сағ |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| 1 | | | | | | | | | | | |
| Жалпы | | | | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | | | | |
| Жалпы | | | | | | | | | | | |
| Барлығы | | | | | | | | | | | |

## 4-кесте Қалдықтарды жинақтау лимиттері

| р/ с № | Қалдықтардың атауы | Қалдықтардың пайда | Қолданыстағы жағдайға жинақталған | Қайта пайдалануға, қайта өңдеуге | Бөгде ұйымдарға беруге жататын | Қалдықтардың | Қалдықтардың |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | болу көлемі, тонна/жыл | қалдықтардың көлемі, тонна/жыл | жататын көлем, тонна/жыл | көлемі, тонна/жыл | жинақталу орны | жинақталу лимиттері, тонна/жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | Барлығы, оның ішінде алаңдар бойынша: | | | | | | |
| | 1-алаң | | | | | | |
| | Соның ішінде түрлер бойынша | | | | | | |
| | Қауіпті қалдықтар | | | | | | |
| | Қауіпті емес қалдықтар | | | | | | |
| | "Айналы қалдықтар" | | | | | | |
| | Жалпы | | | | | | |
| | 2-алаң | | | | | | |
| | Соның ішінде түрлер бойынша | | | | | | |
| | Қауіпті қалдықтар | | | | | | |
| | Қауіпті емес қалдықтар | | | | | | |
| | "Айналы қалдықтары" | | | | | | |
| | Жалпы | | | | | | |
| | Барлығы | | | | | | |

## 5-кесте. Қалдықтарды көму лимиттері

| № | Қалдықтардың атауы | Қалдықтардың пайда болу көлемі, тонна/жыл | Қолданыстағы жағдайға көмілген қалдықтардың көлемі, тонна/жыл | Көмуге жататын көлемі, тонна/жыл | Қалдықтардың жинақталу орны, тонна/жыл | Қалдықтардың жинақталу лимиттері, тонна/жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | Барлығы, оның ішінде алаңдар бойынша: | | | | | |
| | 1-алаң | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Соның ішінде түрлер бойынша: | | | | | |
| | Қауіпті қалдықтар | | | | | |
| | Қауіпті емес қалдықтар | | | | | |
| | "Айналы қалдықтар" | | | | | |
| | Жиыны | | | | | |
| | 2-алаң | | | | | |
| | Соның ішінде түрлер бойынша | | | | | |
| | Қауіпті қалдықтар | | | | | |
| | Қауіпті емес қалдықтар | | | | | |
| | "Айналы қалдықтар" | | | | | |
| | Жалпы | | | | | |
| | Барлығы | | | | | |

6-кесте. Күкіртты орналастыру лимиттері

| | Орналастыру орны | Күкіртты орналастыру нормативті көлемі, жыл/тонна | Күкіртты орналастыру сұратылған лимиттері, жыл/тонна |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 20..ж | | | |
| Барлығы | | | |
| 1 алаң | | | |
| 2 алаң | | | |
| 20..ж | | | |
| Барлығы | | | |
| 1 алаң | | | |
| 2 алаң | | | |

Ескертпе

1. Экологиялық рұқсат алуға арналған өтінімдердің 2-6-кестелері барлық өндірістік объектінің қорытынды деректері түрінде және шығарындылар, төгінділер, қалдықтарды жинақтау мен көму, күкіртті орналастыру үшін әрбір өнеркәсіптік алаң бойынша деректерді көрсете отырып толтырылады.

2. I және II санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсатта белгіленген жалпы көлемдер мен ингредиенттер бойынша эмиссиялар, қалдықтарды жинақтау мен

көму, күкіртті орналастыру лимиттері I және II санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсат берілген күннен бастап мынадай формула бойынша белгіленеді:

Қалдықтарды жинақтау және көму, күкіртті орналастыру эмиссияларының лимиттерін айқындауға арналған әдіс

M = (L / C) x N, M = (.../...) x..... = тонна

мұнда M - сұрау салынатын кезеңге арналған лимит кезеңнің басынан аяғына дейін белгіленеді;

L-жалпы есептелген нормативтік көлем;

N-жылына көздердің (жабдықтардың) қалған жұмыс күндерінің саны;

C-күндердің нормаланған саны.

Цифрлық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді, дербес деректерді пайдалануға келісемін.

Өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) көзделіп отырған қызметке қатысты – I және II санаттағы объектілер үшін салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жобалау құжаттамасы;

2) қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытындыны не қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалауды жүргізу қажеттілігінің жоқтығы туралы тұжырымды қамтитын, көзделіп отырған қызметтің әсеріне скрининг нәтижелері туралы қорытындыны;

3) қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалауға жатпайтын қызмет түрлері бойынша – оңайлатылған тәртіп бойынша экологиялық бағалау материалдары;

4) эмиссиялар нормативтерінің жобасы;

5) қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы;

6) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы;

7) әсер етуге экологиялық рұқсаттың қолданылу кезеңіне қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы;

8) күкіртті ашық түрде күкірт карталарында орналастыру нормативтерінің жобасы ( көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде).

Заңды тұлғаның басшысы (жеке кәсіпкер)

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы:

_______________________________________________________________

202__ жылғы "___" __________

Электрондық цифрлық қолтаңба үшін орын (қолтаңбасы)

Экологиялық рұқсаттар беру,
қоршаған ортаға әсер ету туралы
декларацияны ұсыну
қағидалары, сондай-ақ әсер
етуге арналған экологиялық

рұқсат бланкілерінің нысандары
және оларды толтыру тәртібіне
8-қосымша

Нысан

**"I санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 15.02.2024 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.04.2025 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.03.2026 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

| Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы "I санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты беру" | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті және оның аумақтық бөлімшелері. |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | "Цифрлық үкімет" веб-порталы www.egov.kz арқылы |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | Көрсетілетін қызметті беруші өтінішті тіркеген сәттен бастап: рұқсат беру – 45 (қырық бес) жұмыс күнінен аспайды;<br>рұқсатты қайта ресімдеу – 5 (бес) жұмыс күні ішінде. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электронды (ішінара автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | I санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсат, I санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты қайта рәсімдеу немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет осы Тізбенің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту.<br>Мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін ұсынудың нысаны электронды болып табылады. |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан | |

| | | |
|---|---|---|
| | Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушыға тегін көрсетіледі. |
| 7 | Жұмыс кестесі | Портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00 ден 14.30 дейін түскі үзіліспен күн сайын 9.00-ден 18.30 -ға дейін.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;<br>2) порталда www.egov.kz. |
| | | Құрылысқа және (немесе) пайдалануға әсер етуге рұқсат бірге де, жеке де беріледі.<br>Көзделіп отырған қызметке I санаттағы объектілердің құрылысына қатысты қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін ұсынылады:<br>1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық түрдегі I санаттағы объектілерге қоршаған ортаға әсер етуге рұқсат алуға өтініш;<br>2) I санаттағы объектілерді салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жобалау құжаттамасы;<br>3) эмиссиялар нормативтерінің жобасы (объектіні пайдалану үшін );<br>4) қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы ( объектіні пайдалану үшін); |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі | 5) күкіртті ашық түрде күкірт карталарына орналастыру нормативтерінің жобасы ( көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде);<br>6) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы ( объектіні пайдалану үшін);<br>7) қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды немесе қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалауды жүргізу қажеттілігінің жоқтығы туралы тұжырымды қамтитын, белгіленіп отырған қызметтің әсеріне скрининг нәтижелері туралы қорытынды;<br>8) қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалауға жатпайтын қызмет түрлерінің оңайлатылған тәртіп бойынша экологиялық бағалау материалдары;<br>9) әсер етуге арналған экологиялық рұқсаттың қолданылу кезеңіне арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы;<br>I санаттағы объектіні пайдалану үшін әсер етуге рұқсат алуға өтініш берген кезде:<br>1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық түрдегі I санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алуға өтініш;<br>2) I санаттағы объектілерді салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жобалау құжаттамасы;<br>3) эмиссиялар нормативтерінің жобасы (объектіні пайдалану үшін );<br>4) қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы ( объектіні пайдалану үшін);<br>5) күкіртті ашық түрде күкірт карталарына орналастыру нормативтерінің жобасы ( көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде); |

| | | |
|---|---|---|
| | | 6) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы ( объектіні пайдалану үшін);<br>7) қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды немесе қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалауды жүргізу қажеттілігінің жоқтығы туралы тұжырымды қамтитын, белгіленіп отырған қызметтің әсеріне скрининг нәтижелері туралы қорытынды;<br>8) қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалауға жатпайтын қызмет түрлерінің оңайлатылған тәртіп бойынша экологиялық бағалау материалдары;<br>9) әсер етуге арналған экологиялық рұқсаттың қолданылу кезеңіне арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы;<br>I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсатты қайта ресімдеу үшін:<br>1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық түрдегі әсер етуге рұқсатты қайта ресімдеуге өтініш;<br>2) әсер етуге қайта ресімделетін рұқсат берілген объектіге ( объектілерге) меншік құқығының ауысуын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.<br>Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарын, экологиялық рұқсаттарын көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы " цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады. |
| | | 1) өтініште және (немесе) оған қоса берілетін құжаттарда қамтылған мәліметтер анық болмаса;<br>2) өтініш және (немесе) оған қоса берілетін құжаттар Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарына және ( |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | немесе) қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері жөніндегі қорытындыға не қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалауды жүргізу қажеттігінің жоқтығы туралы тұжырымды қамтитын, көзделіп отырған қызметтің әсерлерін скринингтің нәтижелері туралы қорытындыға сәйкес келмесе;<br>3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. |
| 10 | Мемлекеттік қызметтер көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, басқа талаптар | Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада және пайдаланушылардың цифрлық жүйелерінде авторландырылған субъектілер үшін қолжетімді.<br>Цифрлық құжатты пайдалану үшін пайдаланушылардың мобильді қосымшасында және цифрлық жүйелерінде қолжетімді әдістермен авторизациядан өту қажет, бұдан әрі "цифрлық құжаттар" бөлімінде одан әрі пайдалану үшін қажетті құжатты қарайды. |

Экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны ұсыну қағидалары, сондай-ақ әсер етуге арналған экологиялық рұқсат бланкілерінің нысандары және оларды толтыру тәртібіне 9-қосымша

Нысан

## I және II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беретін органның атауы I және II санаттағы объектілерге әсер ету ЭКОЛОГИЯЛЫҚ РҰҚСАТЫ

___________________________________________________________________

(оператордың атауы)

___________________________________________________________________

(индекс, пошта мекенжайы)

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі ____________________
Өндірістік объектінің атауы ____________________________________________
Өндірістік объектінің орналасқан жері ___________________________________
Объектінің категориясы ________________________________________________
Келесі шарттарын сақтау:

1. Ластаушы заттардың шығарындыларын мыналардан аспайтын көлемдерде жүргізу:

Құрылыс кезеңінде:
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
Жұмыс кезеңінде:
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна.

2. Ластаушы заттардың төгінділерін мыналардан аспайтын көлемдерде жүргізу:

Құрылыс кезеңінде:
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
Жұмыс кезеңінде:
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна.

3. Қалдықтарын жинақталу мыналардан аспайтын көлемдерде жүргізу:

Құрылыс кезеңінде:
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
____ жылы ________________ тонна;
Жұмыс кезеңінде:

____ жылы _________________ тонна;
____ жылы _________________ тонна;
____ жылы _________________ тонна;
____ жылы _________________ тонна;
____ жылы _________________ тонна;
____ жылы _________________ тонна.

4. Қалдықтарын көму мыналардан аспайтын көлемдерде жүргізу:

Құрылыс кезеңінде:

____ жылы _________________ тонна;
____ жылы _________________ тонна;
____ жылы _________________ тонна;
____ жылы _________________ тонна;

Жұмыс кезеңінде:

____ жылы _________________ тонна;
____ жылы _________________ тонна;
____ жылы _________________ тонна;
____ жылы _________________ тонна;
____ жылы _________________ тонна;
____ жылы _________________ тонна.

5. Күкірт орналастыруды ашық түрде күкірт карталарында мыналардан аспайтын көлемдерде жүргізу:

____ жылы _________________ тонна;
____ жылы _________________ тонна;
____ жылы _________________ тонна;
____ жылы _________________ тонна;
____ жылы _________________ тонна;
____ жылы _________________ тонна;
____ жылы _________________ тонна;
____ жылы _________________ тонна;
____ жылы _________________ тонна;
____ жылы _________________ тонна.

6. Осы қоршаған ортаға әсер ету рұқсатында І және ІІ категориялы объектілерде ( бұдан әрі –Рұқсат) белгіленген шығарындылар нормативтерінен (шығарындылар, төгінділер), қалдықтардың жиналу шектерінен, қалдықтарды жою шектерінен (егер жеке полигон болса), күкірт алаңдарына ашық күкірт қоймаңыз. І және ІІ санаттағы объектілер үшін) Қосымшаға сәйкес қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің жобаларында, қалдықтарды басқару бағдарламасында, күкірт жастықшаларына ашық

күкіртті орналастыру нормативтерінің жобаларында келтірілген ингредиенттерге ( заттарға) арналған эмиссия нормативтері негізінде I және II санаттағы объектілерге осы рұқсат.

7. I және II санаттағы объектілерге осы Рұқсаттың 2-қосымшасына сәйкес қызметті жүзеге асыруға арналған экологиялық жағдайлар.

8. I және II санаттағы объектілер үшін осы Рұқсаттың қолданылу мерзіміне қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын, қалдықтарды басқару бағдарламасын, қоршаған ортаға әсерді бағалау қорытындысында көрсетілген қоршаған ортаны қорғау талаптарын орындау қажетң (болған жағдайда)

I және II санаттағы объектілер үшін Рұқсаттың қолданылу мерзімі ___ жылдан ___ жылға дейін.

Ескертпе:

* I және II санаттағы объектілер үшін шығарындылар мен ингредиенттердің ( заттардың) жалпы көлемі бөлігінде осы шығарылымда белгіленген шығарындылар шегі I және II санаттағы объектілер үшін осы рұқсат мерзімі ішінде жарамды және олар көрсетілген формула бойынша есептеледі. I және II санаттағы объектілерге әсер ету үшін экологиялық рұқсат алуға өтінімнің 3-тармағының ескертпесі. I және II санаттағы объектілерге рұқсат осы Рұқсатта көрсетілген қызметті жүзеге асыру үшін қолданылатын технологиялар мен қоршаған орта жағдайлары өзгергенге дейін қолданылады.

I және II санаттағы объектілерге осы Рұқсатқа 1, 2 қосымшалар I және II санаттағы объектілерге осы Рұқсаттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Басшы

(уәкілетті тұлға)

________________________________________________________

қолы Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

қаласы Берілген күні

I және II санаттағы объектілерге
қоршаған ортаға әсер ету рұқсатына
1-қосымша

1-кесте. Ауаға ластаушы заттар шығарындыларының нормативтері

| Заттың атауы | Ластаушы заттар шығарындыларының нормативтері | | | |
|---|---|---|---|---|
| | секунд/грамм | жыл/ тонн | мг/м3 | мг/нм3 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | |
| Барлығы, олардың ішінде алаңдар бойынша: | | | | |
| 1 алаң | | | | |
| Ингредиенттерді қосқанда: | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жалпы | | | | |
| 2 алаң және т. б. | | | | |
| Ингредиенттерді қосқанда: | | | | |
| Жалпы | | | | |
| Барлығы | | | | |

2-кесте. Ластаушы заттар төгінділеріне арналған нормативтері

| Шығарылым нөмірі | Көрсеткіш атауы | Перспективаға ластаушы заттардың төгінділері нормативтері | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 20…жыл | | | | | 20…жыл | | | | |
| | | Сарқынды сулар шығыны | | Шығарылымда шоғырлануы, мг/дм3 | Төгінді | | Сарқынды сулар шығыны | | Шығарылымда шоғырлануы, мг/дм3 | Төгінді | |
| | | м3/сағ | мың м3 /жыл | | г/сағ | т/жыл | м3/сағ | мың м3 /жыл | | г/сағат | т/жыл |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | | | | | |
| 1 | | | | | | | | | | | |
| Итого | | | | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | | | | |
| Итого | | | | | | | | | | | |
| Всего | | | | | | | | | | | |

3-кесте. Қалдықтардың жинақталу лимиттері

| | Қалдықтың атауы (коды) | Жинақтау орны | Қалдықтарының жинақталу лимиті, жыл/тонна |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Барлығы, олардың ішінде алаңдар бойынша: | | | |
| 1 алаң | | | |
| Оның ішінде түрлері бойынша: | | | |
| Жалпы | | | |
| 2 алаң | | | |
| Оның ішінде түрлері бойынша: | | | |
| Жалпы | | | |
| Барлығы | | | |

4-кесте. Қалдықтардың көму лимиттері

| | Қалдықтың атауы (коды) | Көму орны | Қалдықтарының көму лимиті, жыл/тонна |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Барлығы, олардың ішінде алаңдар бойынша: | | | |
| 1 алаң | | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Оның ішінде түрлері бойынша: | | | |
| Жалпы | | | |
| 2 алаң | | | |
| Оның ішінде түрлері бойынша: | | | |
| Жалпы | | | |

5-кесте. Күкіртты ашық түрде күкірт карталарына орналастыру лимиттері

| | Орналастыру орны | Күкіртты орналастыру лимиттері, жыл/тонна |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 20..ж | | |
| Барлығы | | |
| 1 алаң | | |
| Жалпы | | |
| 2 алаң | | |
| Жалпы | | |
| 20..ж | | |
| Барлығы | | |
| 1 алаң | | |
| Жалпы | | |
| 2 алаң | | |
| Жалпы | | |

I және II санаттағы объектілерге
қоршаған ортаға әсер ету рұқсатына
2-қосымша

**Экологиялық шарттар**

____________________________________________________________

____________________________________________________________

Экологиялық рұқсаттар беру,
қоршаған ортаға әсер ету туралы
декларацияны ұсыну
қағидалары, сондай-ақ әсер
етуге арналған экологиялық
рұқсат бланкілерінің нысандары
және оларды толтыру тәртібіне
10-қосымша

Нысан

**Экологиялық рұқсатты қайта рәсімдеуге өтінім ((аты немесе ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген жағдайда, операторды қайта құрылған немесе ауысқан жағдайда)**

Сізден ____________________________________________________________

(рұқсат ресімделген заңды немесе жеке тұлғаның атауы)

______________________________________________________________________

(өзгертілген заңды немесе жеке тұлғаның атауы) рұқсат № ________ берілген (кіммен)

______________________________________________________________________

(қызметті алушы ұйымның заңды мекенжайы немесе тұратын мекенжайы жеке тұлғаның)

экологиялық рұқсатты / декларацияны қайта ресімдеуді сұраймын.

Объектінің санаты _____________________________________________________

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі _____________________

Өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі _________________________________

______________________________________________________________________

Заңды тұлғаның басшысы (жеке кәсіпкер)

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы: __________________________

______________________________________________________________________

"___" __________ 20__ жыл _______________________

(қолы)

Уәкілетті байланыс жасайтын тұлға

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы: _________________________

Телефон _________________,

электрондық пошта ____________________________________________

Экологиялық рұқсаттар беру,
қоршаған ортаға әсер ету туралы
декларацияны ұсыну
қағидалары, сондай-ақ әсер
етуге арналған экологиялық
рұқсат бланкілерінің нысандары
және оларды толтыру тәртібіне
11-қосымша

Нысан

**"II санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізі талаптардың тізбесі**

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 15.02.2024 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.04.2025 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.03.2026 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.07.2026 № 143 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

| Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы "ІІ санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты беру" | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының тиісті басқармалары. |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | "Цифрлық үкімет" веб-порталы www.egov.kz арқылы |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | Көрсетілетін қызметті беруші өтінішті тіркеген сәттен бастап: рұқсат беру – 30 (отыз) жұмыс күнінен аспайды;<br>рұқсатты қайта ресімдеу – 5 (бес) жұмыс күні ішінде. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электронды (ішінара автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | ІІ санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсат, ІІ санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты қайта рәсімдеу немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет осы Тізбенің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту.<br>Мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін ұсынудың нысаны электронды болып табылады. |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушыға тегін көрсетіледі. |
| 7 | Жұмыс кестесі | Портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |

| | | |
|---|---|---|
| | | Көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00 ден 14.30 дейін түскі үзіліспен күн сайын 9.00-ден 18.30 -ға дейін.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;<br>2) порталда www.egov.kz. |
| | | Құрылысқа және (немесе) пайдалануға әсер етуге рұқсат бірге де, жеке де беріледі.<br>Көзделіп отырған қызметке II санаттағы объектілердің құрылысына қатысты қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін ұсынылады:<br>1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық түрдегі II санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алуға өтініш;<br>2) I санаттағы объектілерді салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жобалау құжаттамасы;<br>3) эмиссиялар нормативтерінің жобасы (объектіні пайдалану үшін );<br>4) қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы ( объектіні пайдалану үшін);<br>5)өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы ( объектіні пайдалану үшін);<br>6) қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды немесе қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалауды жүргізу қажеттілігінің жоқтығы туралы тұжырымды қамтитын, белгіленіп отырған қызметтің әсеріне скрининг нәтижелері туралы қорытынды;<br>7) қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалауға жатпайтын қызмет түрлерінің оңайлатылған тәртіп бойынша экологиялық бағалау материалдары; |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі | 8) әсер етуге арналған экологиялық рұқсаттың қолданылу кезеңіне арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы;<br>9) күкіртті ашық түрде күкірт карталарына орналастыру нормативтерінің жобасы ( көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде);<br>II санаттағы объектіні пайдалану үшін әсер етуге рұқсат алуға өтініш берген кезде:<br>1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық түрдегі II санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алуға өтініш;<br>2) эмиссиялар нормативтерінің жобасы (объектіні пайдалану үшін );<br>3) қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы ( объектіні пайдалану үшін);<br>4)өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы ( объектіні пайдалану үшін);<br>5) әсер етуге арналған экологиялық рұқсаттың қолданылу кезеңіне арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы;<br>6) күкіртті ашық түрде күкірт карталарына орналастыру нормативтерінің жобасы ( көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде);<br>7) II санаттағы объектілерді салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жобалау құжаттамасы;<br>8) қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды немесе қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалауды жүргізу қажеттілігінің жоқтығы туралы тұжырымды қамтитын, белгіленіп отырған қызметтің әсеріне скрининг нәтижелері туралы қорытынды; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 9) қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалауға жатпайтын қызмет түрлерінің оңайлатылған тәртіп бойынша экологиялық бағалау материалдары;<br>II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсатты қайта ресімдеу үшін:<br>1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық түрде әсер етуге рұқсатты қайта ресімдеуге өтініш;<br>2) әсер етуге қайта ресімделетін рұқсат берілген объектіге ( объектілерге) меншік құқығының ауысуын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.<br>Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарын, экологиялық рұқсаттарын көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы " цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады. |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) өтініште және (немесе) оған қоса берілетін құжаттарда қамтылған мәліметтер анық болмаса;<br>2) өтініш және (немесе) оған қоса берілетін құжаттар Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарына және ( немесе) қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері жөніндегі қорытындыға не қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалауды жүргізу қажеттігінің жоқтығы туралы тұжырымды қамтитын, көзделіп отырған қызметтің әсерлерін скринингтің нәтижелері туралы қорытындыға сәйкес келмесе;<br>3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол |

| | | |
|---|---|---|
| | | жеткізуге келісімі болмаса мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартылады. |
| 10 | Мемлекеттік қызметтер көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, басқа талаптар | Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада және пайдаланушылардың ақпараттық жүйелерінде авторландырылған субъектілер үшін қолжетімді.<br>Цифрлық құжатты пайдалану үшін пайдаланушылардың мобильді қосымшасында және цифрлық жүйелерінде қолжетімді әдістермен авторизациядан өту қажет, бұдан әрі "цифрлық құжаттар" бөлімінде одан әрі пайдалану үшін қажетті құжатты қарайды. |

Экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны ұсыну қағидалары, сондай-ақ әсер етуге арналған экологиялық рұқсат бланкілерінің нысандары және оларды толтыру тәртібіне 12-қосымша

Нысан

## 20__ – 20__ жылдар аралығындағы кезеңге арналған экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасы

Кәсіпорынның атауы ____________________________________________________

_

Объектінің атауы ______________________________________________________

_

Ең үздік қолжетімді техникаларды қолдануға, технологиялық нормативтерді, ластағыш заттардың жол берілетін шығарындылары мен төгінділерінің нормативтерін сақтауға байланысты іс-шаралар

| Р/с № | ЕҮҚТ-н ы қолдану , нормативтерді сақтау жөніндегі іс-шаралар | Объект / эмиссия көзі | Көрсеткіш (эмиссиялардың нормативтері, технологиялық нормативтер) | Негізде ме | Ағымдағ ы шамасы | Белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізудің күнтізбелік жоспары | | | | Орындал у мерзімі | Қаржыландыру көлемі, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | 1 - жылдың (20__ жыл) соңына | 2 - жылдың (20__ жыл) соңына | 3 - жылдың (20__ жыл) соңына | 4 - жылдың (20__ жыл) соңына | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| | | | | | | | | | | | |

Ескерту.

Ең үздік қолжетімді техникаларды қолдануға байланысты іс-шаралардың кестесін толтыру бойынша нұсқаулар

1-баған: экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасы іс-шарасының реттік нөмірі .

2-баған: іс-шараның атауы.

3-баған: I санаттағы тиісті объектінің, эмиссиялар көзінің атауы.

4-баған: ұсынылатын іс-шаралар қол жеткізуге бағытталған көрсеткіштер ( эмиссиялардың нормативтері, технологиялық нормативтер).

5-баған: талап етілетін көрсеткіштің негіздемесі, дереккөзге сілтеме.

6-баған: осы көрсеткіштің ағымдағы шамасы.

7 – 10-бағандар: жылдар бойынша көрсеткіштің шамасын көрсете отырып, талап етілетін көрсеткішке қол жеткізу графигі.

11-баған: іс-шараны орындау мерзімі, яғни, жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізілуге тиіс оны аяқтау мерзімі: технологиялық нормативтер және эмиссиялардың нормативтері. Кодекстің 418-бабының 4-тармағында көрсетілмеген I санаттағы объект үшін экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасын орындау мерзімі төрт жылдан аспайды және ұзартуға жатпайды. 4 жыл болатын ең жоғары мерзім ЕҮҚТ бойынша қайта қаралған қорытындыларды орындау жөніндегі іс-шаралар үшін де белгіленді.

12-баған: іс-шараны іске асыруға арналған жалпы инвестициялық шығындар мың теңгемен.

Экологиялық рұқсаттар беру,<br>қоршаған ортаға әсер ету туралы<br>декларацияны ұсыну<br>қағидалары, сондай-ақ әсер<br>етуге арналған экологиялық<br>рұқсат бланкілерінің нысандары<br>және оларды толтыру тәртібіне<br>13-қосымша

Нысан

**Кодекстің 418-бабының 11-тармағына сәйкес I санаттағы жұмыс істеп тұрған объектілер үшін 20__ - 20__ жылдар кезеңге арналған экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасы**

Кәсіпорынның атауы:

______________________________________________________________

Объектінің атауы:

______________________________________________________________

Ең үздік қолжетімді техникаларды қолдануға, технологиялық нормативтерді, ластағыш заттардың жол берілетін шығарындылары мен төгінділерінің нормативтерін сақтауға байланысты іс-шаралар

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

| № р/с | ЕҮҚТ-ны қолдану, нормативтерді сақтау жөніндегі іс-шаралар | Объект / эмиссия көзі | Көрсеткіш (эмиссиялардың нормативтері, технологиялық нормативтер) | Негіздеме | Ағымдағы шама | Белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізудің күнтізбелік жоспары | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | 1-жылдың (20__ жыл) соңына | 2-жылдың (20__ жыл) соңына |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

Кестенің жалғасы

| Белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізудің күнтізбелік жоспары | | | | | | | Орындалу мерзімі | Қаржыландыру көлемі, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3-жылдың (20__ жыл) соңына | 4 жылдың соңына (20__ жыл) | 5 жылдың соңына (20__ жыл) | 6-жылдың (20__ жыл) соңына | 7-жылдың (20__ жыл) соңына | 8-жылдың (20__ жыл) соңына | 3-жылдың (20__ жыл) соңына | | |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |
| | | | | | | | | |

Экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны ұсыну қағидалары, сондай-ақ әсер етуге арналған экологиялық рұқсат бланкілерінің нысандары және оларды толтыру тәртібіне 14-қосымша

Ескерту. 14-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 15.02.2024 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

## 20__ – 20__ жылдар аралығындағы кезеңге арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары

Кәсіпорынның атауы: ____________________________________________________

Объектінің атауы: ________________________________________________________

Ластағыш заттардың жол берілетін шығарындылары мен төгінділерінің нормативтерін, қалдықтарды көму лимиттерін, күкіртті ашық түрде күкірт карталарында орналастыру лимиттерін сақтауға байланысты іс-шаралар

| Р/с № | | | Көрсеткіш (эмиссия нормативтері, қалдықтарды көму лимиттері, | Негіздеме | | Белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізудің күнтізбелік жоспары | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |

| | Іс-шараның атауы | Ластану объектісі/ көзі | ашық карталарда күкіртті орналастыру лимиттері) | | Ағымдағы шама | 1-жылдың ( 20__ жыл) соңына | 2-жылдың ( 20__ жыл) соңына |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

Кестенің жалғасы

| Белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізудің күнтізбелік жоспары | | | | | | | Орындалу мерзімі | Қаржыландыру көлемі, мың теңге | Іс шаралардан болған экологиялық тиімділік, тонна / жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 - жылдың ( 20__ жыл ) соңына | 4 - жылдың ( 20__ жыл ) соңына | 5 - жылдың ( 20__ жыл ) соңына | 6 - жылдың ( 20__ жыл ) соңына | 7 - жылдың ( 20__ жыл ) соңына | 8 - жылдың ( 20__ жыл ) соңына | 9 - жылдың ( 20__ жыл ) соңына | | | |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 |
| | | | | | | | | | |

Қоршаған ортаны қорғау
Жөніндегі іс-шаралар
жоспарына
қосымша

**Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасын дайындау жөніндегі түсініктемелер**

1. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы I және II санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған өтінішке қосымша ретінде Кодекстің 125-бабының талаптарына сәйкес әзірленеді.

2. Оператор эмиссиялар нормативтеріне, қалдықтарды көму лимиттеріне және күкірт карталарына ашық түрде орналастыру лимиттеріне қол жеткізу жөніндегі іс-шараларды I және II санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтініш немесе осындай рұқсатқа өзгеріс енгізуге өтініш беру кезеңінде осы нормативтер мен лимиттерді сақтау мүмкін болмаған кезде ұсынады.

I және II санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтініш беру күнінен бұрын объект сәйкес келген экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтарды, табиғат қорғауда маңызы бар құрылғыларды пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар жоспар жобасына енгізуге жатпайды.

3. Әрбір іс-шара үшін оператор мыналарды көрсетеді:

негізгі техникалық параметрлері көрсетілен, жалпы техникалық сипаттаманы;

эмиссиялар нормативтерінің, қалдықтарды көму лимиттерінің және күкіртті ашық түрде күкірт карталарында орналастыру лимиттерінің сақталуын қамтамасыз ететін ластану көздеріне сәйкестікті;

іс-шаралар қозғайтын ластағыш заттарды;

іс-шараларға қол жеткізуге бағытталған параметрлер/көрсеткіштерді ( эмиссиялардың нормативтері, қалдықтарды көму лимиттері, күкіртті ашық түрде күкірт карталарында орналастыру лимиттері);

қоршаған ортаға жанама жағымсыз әсер етуді;

іс-шараны іске асыру үшін қажетті алдын ала шарттарды;

жоспарланатын іс-шаралар кестесі экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасын орындаудың әрбір күнтізбелік жылы бойынша бөле отырып айқындалады. Жобалық шешімдерге сәйкес нормативтерге кезең-кезеңмен қол жеткізу мүмкіндігі болған кезде - объектіні реконструкциялау, қайта жарақтандыру және жаңғырту жөніндегі тиісті іс-шаралар кешенін аяқтау мерзімдеріне байланысты айқындалатын қоршаған ортаға теріс әсерді кезең-кезеңмен төмендету көрсеткіштеріне қол жеткізу кестесін көрсетеді;

қоршаған ортаға теріс әсерді кезең-кезеңмен төмендеткен жағдайда, жоспарланатын іс-шаралар графигі қоршаған ортаға теріс әсерді кезең-кезеңмен төмендетудің әрбір тиісті көрсеткішіне қол жеткізуді қамтамасыз ететін әрбір іс-шара бойынша жеке айқындалады;

әрбір іс-шараға қатысты жоспарланатын іс-шаралар графигінде объектіге негізгі технологиялық жабдықты жеткізуге, құрылыс-монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарына, жабдықты өнеркәсіптік пайдалануға енгізуге байланысты іске асырудың негізгі кезеңдерін аяқтау мерзімдері қосымша айқындалады.

4. Кестені толтыру жөніндегі түсініктемелер:

1-баған: экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасы іс-шарасының реттік нөмірі ;

2-баған: іс-шараның атауы;

3-баған: тиісті объектінің, эмиссиялар көзінің, қалдықтардың атауы;

4-баған: ұсынылатын іс-шаралар қол жеткізуге бағытталған көрсеткіштер ( эмиссиялар нормативтері, қалдықтарды жинау және көму лимиттері);

5-баған: талап етілетін көрсеткіштің негіздемесі, талаптардың дереккөзіне сілтеме;

6-баған: осы көрсеткіштің ағымдағы шамасы;

7-15-бағандар: жылдар бойынша көрсеткіштің шамасын көрсете отырып, талап етілетін көрсеткішке қол жеткізу графигі;

16-баған: іс-шараны орындау (аяқталу) мерзімі;

17-баған: іс-шараны іске асыруға арналған жалпы инвестициялық шығын;

18 – іс-шараларды енгізу есебінен төмендеген эмиссия көлемін, жылына тоннаны көрсету қажет.

Бұйрыққа
2-қосымша

**Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі**

1. "Табиғат пайдалану шарттарын қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттарға енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2007 жылғы 16 сәуірдегі № 112-ө бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4656 болып тіркелген).

2. "Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың үлгілік тізбесін бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2013 жылғы 12 маусымдағы № 162-Ө бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8559 болып тіркелген);

3. "Кешенді экологиялық рұқсаттар беру қағидаларын және қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттардың орнына кешенді экологиялық рұқсаттар алу мүмкін болатын өнеркәсіп объектілері үлгілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 37 бұйрығы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10737 болып тіркелген);

4. "Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар беру үшін құжаттардың нысандарын және оларды толтыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 115 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10903 болып тіркелген);

5. "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 21 маусымдағы № 258 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13969 болып тіркелген);

6. "Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар беруге арналған құжаттардың нысандарын және оларды толтыру қағидаларын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 115 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 22 тамыздағы № 394 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14391 болып тіркелген);

7. "Кешенді экологиялық рұқсаттар беру қағидаларын және қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттардың орнына кешенді экологиялық рұқсаттар алу мүмкін болатын өнеркәсіптік объектілер үлгілерінің тізбесін бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 37 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № 3 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22060 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК